

АЛАШТЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚҰРБАНЫ

Қазы Нұртұхамбетұлы кім?

Азаттық жолында.

кедейге бөліп, азамат соғысының өртен өршітіп, өзара атыстырды, шабыстырды, қанға бөктірді. Осыдайша өліспей бітпес қанды қырғын басталды. Қазақтың көзі ашық оқыған-тоқығандарының өзі жік-жікке бөлінді. Мұстафа Шоқай бастаған бір тобы қазаққа бостандық, азаттық, теңдік тек түрік халықтары күш біріктіргенде ғана келеді деп Түркістан автономиясын құруға күш салды. Екінші бір топты Әлихан Бөкейханов бастап, Алаш партиясын негіздеді.

Арғы дайындық жұмыстарын айтпағанда, бірінші Жалпы қазақ съезі Орынбор қаласында 1917 жылы шілденің 21-26 күндері өтті. Онда қаралған төрт мәселенің ішіндегі ең бастысы — қазақтың саяси партиясын құру еді. Алаш партиясы дүниеге келді. Партияның бағдарламасын жасау және Қазақ автономиясын құруға дайындық жұмысының жоспары белгіленді.

...Алаш қозғалысының сардары Әлихан Бөкейханов Семейге 1917 жылдың қазан айының 21-і күні Омбыдан келді. “Сол күні Семей қазақтары бұрынғы губернатор мекемесі, қазіргі “Бостандық үйіне” ағыла бастады... Сегіздегі бала, сексендегі шал да қалмай дегендей, қуанышпен отарбаның келуін тосқан еді. Семейде ел Әлекеңді “құдайдан сұрап алған жалғыздай құттықтады”. Бұл сөз Сәкен Сейфуллиннің “Тар жол, тайғақ кешу” кітабының 1927 жылғы басылымында бар.

Әлихан Бөкейхановты Семей халқының құдайдай қарсы алғаны рас. Әлекеңді жастар атынан құттықтаған Сұлтанмахмұт Торайғыровтың мына лебізі жиналған дүйім жұрттың жүрегін жарып шыққан сөз еді:

*“Көш бастаған еріміз,
Қуанышта еліңіз.
Төбеміз көкке жеткендей,
Көкіректен бүгін кеткендей,*

*Сізді көріп шеріміз...
Алаш туын қолға алған,
Қараңғыда жол салған
Арыстаным, келіңіз!”*

Оқушылар атынан сөйлеген Жүсіпбек Аймауытов та ағыл-тегіл төгіледі: “Қараңғыдан қан жылап қанғырған күнде басыңды Алаш жолына құрбан қылған ағамыз, асқар тауымыз. Сізді көргендегі жүректің қуанышын тіл айтып жеткізерлік емес. Өмірін, жүрген жолың біз — інілеріне жағып қойған шамшырақ! Жасасын сүйреген Алашын! Жаса, сабазым!”

Әлекең жиналғандардың көзіне Бостандық болып, ғасырлар бойы Ресей отаршыларының құлдығында жаншылып, тапталған қазақтар үшін “жүрек майын шам қылған”, адамзатқа от жеткізген Прометей болып көрінді. Әлекең бостандық жолында бірігуге, бас пайдасы мен жұрт пайдасын бірдей көруге, барлық күшті ғылым жолына жұмсауға шақырды. “Міне, осыларды қылмасандар, бостандық өзінен-өзі сендерге түк те өкеліп бермейді”, — деп ескертті. Осы әулиелік сөз бүгін де, ертең де өлмес күшінде. Семейдегі қарсы алудан соң Әлекең жүрегінде елім деген оты бар баршаны өз маңына топтастыра бастады.

Екінші “Жалпы қазақ съезі 1917 жылы желтоқсанның 5-13 күндері Орынборда өтті. “Сарыарқа” (Семейде шығып тұрған) газетінің 1918 жылы қаңтардың 25-і күні 29-санында “Съезд қазақ-қырғыз автономиясын “Алаш” деп атап қаулы етті. Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен уақытша ұлт кеңесі құрылсын: мұның аты Алашорда болсын. Алашорданың уақытша тұратын орны Семей қаласы болсын.

Ешкімге оқ атып, қылыш суыра алмай, жазықсыз оққа ұштың: тым болмаса, ұлтыңның бақытының шетін көре алмай кеттің. Қош бауырым, жолдасым, қош! — деп көзінің жасын тия алмай,



Масғұт ХАЛИОЛЛА, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

сөзін өрен тоқтатты.”

Бейімбет Майлыұлы аталған мақалада Қазының жасы 22-де. Семей уезі, Еңірекей болысында, Сыбан деген рудан екенін де айтады. Семейден 2 класты мектепті бітірген соң бірер жыл бала оқытып, қаражат жинап алды да, 1915 жылы семинарияға оқуға түседі. Оны келесі жылы бітірем деп жүргенде ұлт тілегін зор көріп милицияға жазылып, одан кейін оған бастық болады. Ақкөңіл талапкер, жігерлі, ұлтшыл жас болғанын атап жазады.

Басшы азаматтар, облыстық қазақ комитеттері кеңесіп, маркумның басына ескерткіш тас қоюға, жақсылап бейіт салуға қаулы алады. Қазының оқуға жасы жеткен бір інісін оқытуға стипендия ашады. Көрі ата-анасына және әйелі мен баласына мың сом жинап беруге келіседі. Жетісіне жұртты шақырып, құран оқытып, дұға қылдырады.

“Алаш аман болса, бұл тұңғыш құрбан ұмытылмас, тарихта аты қалар. Бірақ біздің бұдан үлгі алып, жүрегімізді соның жүрегіндей қылуымыз келек. Рухың шат болсын, шейіт болған Алаштың бір баласы. Біз де сенің ізінде. Қош жолдасым!” — деп аяқтайды мақаласын Бейімбет Майлыұлы.

Қазының өлімі Омбыда оқып жүрген қазақ жастарын да қатты қайғыртады. Омбыдағы “Бірлік” атты жастар ұйымының басшылары Смағұл Сәдуақасұлы, Қошқе Кеменгерұлы, Ғаббас Тоғжанұлы және Асхан Сайдалыұлының көңіл білдірген жеделхаттары “Сарыарқа” газетінің 1918 жылғы сәуірдің 15-і күнгі санында жарияланады.

“От жанды, ұлт қанды, есіл қыршын жас Қазының арманы жоқ, ұлт жолында тұңғыш құрбан болды. Жастарға жолбасшы жұлдыз, түпкі идеал болды. Біздер Қазыны және оның үлгілі жолын ұмытпасқа, құдай алдында, ар алдында уәде бердік. Сол уәдеге бірінші негіз салу үшін 20 сәуірде қазақша ойын жасап, түскен саф пайданың жартысын артта қалған бір жасар ұл баласының тәрбиесіне бермекші болдық. Және басқа уақыттарда жәрдем көрсетіп тұруға қаулы істедік”, — делінген “Бірлік”

Алашорда бүгіннен бастап қазақ-қырғыз халқының билігін өз қолына алады”, — деп атап көрсетті. Алаш милициясын (аты осылай аталғанымен оны мемлекет ішінде бассыздық, талан-тараж, қырылыс-ғалас болып жатқанын ескеріп, халықты осындай бүліншіліктен және сыртқы дұшпаннан қорғау үшін құрылған әскер деп түсінген жөн. — М.Х.) құру мәселесі шешілді.

Алаштың алғашқы құрбаны.

1918 жылы қыс ортасында Семей (Жаңа Семей — Алаш) қаласында қазақ жігіттерінен милиция ұйымдастырылады. Оны басқарушы офицер ретінде Семей мұғалімдер семинариясының оқушысы — семинарист Қазы Нұрмұхамбетұлы тағайындалады. Бұл кезде Қазы, Жүсіпбек

Аймауытов, Қаныш Сәтбаев бәрі бір класта, 3-курста оқитын. Милицияны ұйымдастырудағы қиыншылықтарды жігерлікпен, іскерлікпен жеңген Қазының беделі өсіп, көптің сүйіктісіне айналады. Міне, осындай қарбалас шақта атты милицияларды жаттықтырып, ойнатып жүргенде большевик солдаттары Қазыны қапыда атып өлтіреді. Оның өлімі “Тар жол, тайғақ кешуде” екі ауыз сөзбен ғана: “Қазы деген жігіт өлді”, — деп атүсті айтылады. Семинарист Бейімбет Майлыұлы “Сарыарқа” газетінде (1918 жылғы наурыздың 18-і күнгі санында) “Тұңғыш құрбан” деп аталатын көлемді мақаласын жариялайды.

Оқиға 1918 жылы 6 наурызда таңертенгі сағат 9 шамасында Алаш қаласында болады. Мылтықсыз ойнап жатқан атты қорғаушылардың (милициялардың) жанына 10-15 солдат келіп “ойындарыңды тоқтат, мылтықты бер” деп қокан-лоқы мінез көрсетеді. “Оған милиционерлер өз жүректерінде ұлтты сақтаудан басқа ешкімге қастық қылатын ниеті болмаған соң, қарсы да келмейді, ойынын да тоқтатпады, — деп жазады Бейімбет.

— Солдаттар мылтық атады. Мылтық дауысы шыққан соң бірлі-жарымды жігіт қашуға айналған кезде милиция бастығы Қазы Нұрмұхамбетұлы жігіттерге айқайлап: “Қайда барасыздар? Жазықсыз өлсек — өлейік, бәрімізді қырмас”, — деп тоқтау айтып, өзі орнында тұрады. Сол арада мылтық үсті-үстіне атылып, Қазының өзіне де, атына да оқ тиеді. Оқ жүректен тиген. Есіл жас сол арада жан тапсырады. Ертеңіне халық көп жиналып, жаназасын шығарады. Алаш жолында құрбан болған жас бағланды ұмытпасқа белгі болсын деп екі рет суретке түсіреді.

Будан әрі оқиғаны сол “Сарыарқа” газетінде баяндалған күйінде беруді жөн көрдім.

“Қабірге қойып, құран оқылып болған соң Шөкәрім ақсақал халыққа қарап сөз сөйледі.

— Әлеумет! Мына жатқан кім, білесіңдер ме? Бұл ұлты үшін шыбын жанын құрбан қылған Алаш азаматының тұңғышы. Мұны өлді демелдер, бұл өлген жоқ. Бұл бүгінгі және мұнан соңғы “ұлтмы” деген азаматтар, мына мен сияқты болып, “ұлтмы” дендер деп өзінің ұлтшылдығын сөзбен емес, іспен көрсетті. Марқұмның аты да Қазы еді, Қазы — би деген сөз. Қазы билігін айтып кетті.

Қарағым Қазы! Өліміне өкінбе! Арманың жоқ. Құдай алдында да, жұрт алдында да сенің орның бөлек. Оқығандар! Жастар! Мынау жолдастарыңды ұмыта көрмеңдер. Мұның үй-ішінің міндеті сендерді мойындарыңда. Бір кішкентай көзіңнің қарашығы (бір жасар ұл баласы) қалыпты, соны тәрбиелеп адам қылу, бәріннің, барлық Алаштың мойнына парыз. Және өздерің де бұл оқиғаға қажымандар. Құдай тағала Алашқа шын ұл бергеніне бүгін ғана көзің жетті. Алпыс жасқа келгенде, мұндай ұлты үшін жанын қиып, құрбан болған азаматты көремің деген үмітің жоқ еді. Көрдім. Енді бүгін өлсем де арманың жоқ. Қарағым Қазыжан! Қадіріңді біліп, құрметтей алмасам, кешу қыл, қош! Қабірің нұрлы болсын! — деді. Жиылған әлеумет жылап-еніреп жіберді...”

Сонан кейін Міржақып Дулатұлы мынаны айтты, — деп Міржақыптың соңғы жинағына енген жоқтау жырды толық келтіреді. Үзіндісі мынандай:

Міржақып: “Мынау кім жатқан, әлеумет, жас қабірді жамылып?” деп сұрақ қойып алады да, оған өзі жауап береді.

“...Бусанып жатқан жас қабір Жүректен жалғыз оқ
Иесін мұның айтайын: тиген,
Мақсұты ұлттың жолына, Жаза баспай дөп тиген,
Туын ұстап қолына, Алаштың бұл құрбаны,
Жас өмірін нидә еткен, Аяулы жолдас Қазы жас,
Жар-жолдасын күйзелткен Қош бауырым,
Алаштың адал баласы, жолдасым!..”
Армансыз өлген данасы!

Жиналған жұрт қамығып, көңілі босап көзіне жас алды. Бұлардан кейін Райымжан (Мәрсекүлі), Жанғали қажы, Мұстақым Малдыбаев сөз сөйледі.

Ақырында бірге оқып жүрген жолдасы Жүсіпбек (Аймауытұлы) еніреп тұрып: “Жан бауырым, жолдасым! Қош бол, жасаған алдынды өзіне, артыңда бізге қайырлы қылсын! Талаптандың, талпындың, оқып қатарға кірдің. Бұл күнде мынадай мезгілсіз қазаға душар болдың, өкінбе. Ұлтың үшін туып едің, ұлтың үшін өлдің. Кеуденде бір-ақ арманың кетті.

жастары қол қойған жеделхатта.

Міне, Алаштың Шөкәрім, Міржақып, Жүсіпбек, Бейімбет сынды арыстарын терең тебірткен, Семейде, Омбыда оқып жүрген талантты жастарын толғандырған Қазы Нұрмұхамбетұлының қайғылы тағдыры осындай.

Қызыл қырғынның кесепаты.

Осы қайғылы оқиғаны өзі көрмесе де, көрі құлақ адамдардан естіп, білген Қазының інісі Кенжеқазының жұбайы Хүсни-жиһан Әбілмәжінқызы (Мақайқызы) Қарағандыда 83 жасында дүние салғалы 6 жылдан асты. Осы кісінің айтқан әңгімесінің мазмұны мынадай:

...Қазының келіншегі орыс қызы-тын. Есімі Нина екен. Олардың ұлының аты — Мекайыл. Сол Нина Қазы өлген соң ішкі жаққа баласын алып кетеді де, 9 жылдан соң баланың өлгенін хабарлап, Қазының қанды көйлегін марқұмның інісі Тәуелқазыға жібереді. Қазы діні бөлек Нинаға үйленгеніне Алладан кешірім сұрап, “менің жүрегіме ақ махабатты ұялатқан өзін ғой” деген мағынада өлең де шығарған екен. Қазы Найманның Сыбан руынан. Ұлы атасы Ата-қара молладан Быламық пен Нұрмұхамбет туады. Нұрмұхамбеттің кіндігінен 5 ұл болған екен. Олар: Құдайберді, Ісләм, Қазы, Тәуелқазы (Тәукен), ең кішісі Кенжеқазы. Алашордашыларды және олардың туыс-туғандарын аңша аулау науқанында Құдайберді мен Ісләм сондарына түскен жаналғыштардан бас сауғалап қашып кетеді де, ізін суытып Аяғөз жаққа оралып, ақыры аты-жөндерін өзгертіп, зым-зия болады. (Қытай асып кетуі де мүмкін.) Тәуелқазы (Тәукен) әкесі Нұрмұхамбеттің атынан безіп, Быламықов боп жазылып қызмет етеді. Семейде ет-консерві комбинатында директор да болады. НКВД жөндетері ақыры ұстайды. Бұдан кейінгі тағдыры белгісіз. Одан қалған жалғыз қыз Хамила 1976 жылы Аяғөзде дүние салады.

Қазының кенже інісі Кенжеғазы ағасы опат болғанда жас екен. Кейін оқып, мұғалім болады. Мұны да қудалай бастағанда Тарбағатай жаққа өтіп кетеді. Ол жерде де жаны қалмайтынын түсініп, өзі тіленіп майданға аттанады. Карелия жерінде ерлікпен қаза табады. Сүйегі сондағы бауырластар қорымында. Артынан кара қағаз келеді. Одан қалған екі қыз — Нұрфатима мен Гүлфатима. Біріншісі — Қарағандыда, екіншісі — Алматы облысының (бұрынғы Талдықорған облысы) Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылында тұрады. Балалы-шағалы. Қазының туыстарының қайғылы тағдыры қысқаша айтқанда осындай. (Бұл жөніне жаңа дерек беремін дегендер болса осы мақаланың авторына хабарласуына болады. Қарағанды қаласы, тел.75-43-27).

1997 жылы “Қазақ әдебиеті” газетінің 26 қыркүйектегі санында Марат Әбсемет “Міржақыптың ақындық шеберлігі” деп аталатын мақаласында: “Қазы Торсанов зиратының басында тұрып шығарған қоштасу жырында былай дейді”, — деп жоғарыда берілген “Тұңғыш құрбан” деген өлеңін түгелдей алға тартады. Еріксіз ойға қаласыз. Бұл қалай? Ол өлеңнің Қазы Нұрмұхамбетұлына арнап шығарғанын “Сарыарқа” газеті оқиғаның ізі суымай-ақ жариялаған жоқ па еді? Нұрмұхамбетұлының азан шақырып қойған аты Қазы емес, Қазы, ал ататегі Торсанов емес, Нұрмұхамбетұлы екенін Шөкәрім Құдайбердіұлы, Бейімбет Майлыұлы анық айтпап па еді? Тіпті руына, жасына дейін төптіштеп жазбап па еді? Биғаңның мақаласына ғалым Қайым Мұхамедханов 1994 жылы-ақ “Жас Алашта” келістіріп тұрып түсініктеме жазбап па еді. Сонда Торсанов деген қайдан шықты? “Тар жол, тайғақ кешуде” Торсанов деген біреудің есімі бар. Бірақ ол Қазы Нұрмұхамбетұлымен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын бөтен адам. Мен осы айғақтарды келтіре отырып, шындықты бұрмаламай түзету беруді сұрап, “Қазақ әдебиетіне” хат жазған едім. Одан хабар-ошар болмады. Нәті беделді газет қателігін мойындағысы келмеді-ау деймін.

Кейін Семей жақтан сұрастырғанымда: Қазы Нұрмахамбетұлының мәйіті жерленген зират жойылған, ол қазір өуежайдың ұшу алаңының астында қалған. Міне, “Алаштың алғаш құрбаны есімін ел есінен шығармайды” деген Қазы Нұрмұхамбетұлы өлде біреудің қателігінен Қазы Торсанов болып бүгінгі ұрпаққа теріс түсіндіріліп, арманда кетіп барады. (Ә.Бөкейхановтың сүйегі де Мәскеуде бір зауыттың астында кетті ғой).

Бүгінгі тәуелсіздік алып, өлгеніміз тірілгендей, өшкеніміз жанғандай болып жатырмыз. Аллаға мың мәрте шүкіршілік айтамыз! Алаш арыстары армандап, қанын төккен, жанын қиған ақжарыққа күн туды. Бостандық, теңдік ұраны іске асты.

Енді елін, жерін, ұлтын сүйген ұлтшыл (бұл сөзден енді қорқудың орны жоқ, шыны солай) ерлер есімі тарихымызға оралып, алтын өріптермен жазылуы керек. Сонда ғана аяулы арыстарымыздың аруағы бүгінгі ұрпағына риза болады.

ҚАРАҒАНДЫ.

● *Тарихымыздың ақтаңдақтары**Д. Бөкенбаев*

АЛАШТЫҢ АРЫСТАРЫН ТӨБІРЕНТКЕН Қазы Жұртұжамбетұлы кім?

Ауызыңды басып отырып: «Сөйле» дейтін тоталитарлық заманда естігеніміз тұрсын, көргенімізді айта алмай ішқұса болдық қой. Алпысыншы жылдары Алаштың ардагері Әлихан Бөкейхановтың кенже інісі Смахан ақсақалмен Сарытерек ауылында кездесіп, оңашада «Алашорда» үкіметі туралы сұрағаныма: «Қарағым, таң атпайын десе де, күн қоймайды. Өмір болса уақыты жеткенде бәрі де жария болар, әзір айтуға ерте», – деп ішкі сырын ашпаған еді.

Құдайға шүкір, тәуелсіздігімізге қол жеткен он бір жылдың беделінде тарихымыздың ақтаңдақтары ашылып, айтылып та, жазылып та жатыр. Соның бір парасы «Алашорда» ардагерлерімен сабақтас.

Азаттық жолында

Ақпан төңкерісі (1917 ж.) бұржойдың, Қазан төңкерісі кедейдің мүддесін көздегені баршаға мәлім. Бір халықты бай, кедейге бөліп, Азамат соғысының өртен өршітіп, өзара атыстырды, шабыстырды, қанға бөктірді. Осылайша өліспей бітпес қанды қырғын басталды. Қазақтың көзі ашық оқыған-тоқығандарының өзі жік-жікке жарылды. Мұстафа Шоқай бастаған бір тобы қазаққа бостандық, азаттық, теңдік тек түрік халықтары күш біріктіргенде ғана келеді деп Түркістан автономиясын құруға күш салды. Екінші бір топты Әлихан Бөкейханов бастап, Алаш партиясын негіздеді. Кейінірек Алаш үкіметін – «Алашорданы» құрды.

тары бұрынғы губернатор мекемесі, қазіргі «бостандық үйіне» ағыла бастады... Сегіздегі бала, сексендегі шал да қалмай дегендей, қуанышпен отарбаның келуін тосқан еді. Семейде Әлекеңді құдайдан сұрап алған жалғыздай құттықтады. Бұл дәйек сөз Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» кітабының 1927 жылғы басылымынан алынған.

С. Сейфуллиннің Алаш қозғалысын жақтамағаны мәлім. Өлгі оқиғаны Сәкен Әлихановты мадақтайын деп жазған жоқ. Сөз саптасында да кекесін бар.

Сәкен де өз халқын құлай сүйген патриот. Көрмеген қияметі де жоқ. Ақыры Кеңес өкіметінің «қамқорлығымен» туған елін бақытқа жеткізем деген Қызыл сұңқар-революционер өз партияластарының – коммунистердің қанды қолынан қаза тапты. Міне, қазақ оқығандары сиырдың бүйрегіндей бытырап, дара-дара болуынан сталиндік зұлматқа жем болды. «Бөліп ал да билей бер» деген сүркія саясаттың адастыруынан туған қайғылы, қасіретті хал осындай.

Әлихан Бөкейхановты Семей халқының құдайдай қарсы алғаны рас. Әлекеңді жастар атынан құттықтаған Сұлтанмахмұт Торайғыровтың мына лебізі жиналған дүйім жұрттың жүрегін жарып шыққан сөз еді:

«Көш бастаған еріміз,
Қуанышта еліңіз.
Төбеміз көкке жеткендей,
Көкіректен бүгін кеткендей,
Сізді көріп шеріміз...
Алаш туын қолға алған,
Қараңғыда жол салған
Арыстаным, келіңіз!
Оқушылар атынан сөйлеген Аймауытов та ағыл-тегіл төгіледі: «Қараңғыда жеткендей, қасіретті хал осындай»

осындай қарбалас шақта атты милицияларды жаттықтырып, ойнатып жүргенде большевик солдаттары Қазыны қапыда атып өлтіреді. Қазының өлімі «Тар жол, тайғақ кешуде» екі ауыз сөзбен ғана «Қазы деген жігіт өлді» деп ат үсті айтылады. Қанды оқиғаға куә болған семинарист Бейімбет Майлыұлы «Сарыарқа» газетінде (1918 ж. наурыздың 18-күнгі санында) «Тұңғыш құрбан» деп аталатын көлемді мақаласын жариялайды.

Осы мақаланы «Жас Алаш» газеті 1994 жылы арада 76 жыл өткенде қазір Семейде тұратын ғұлама ғалым, елін сүйгені, шырылдап шындықты айтқаны үшін Кеңес түрмесінде ауыр азап тартқан ер Азамат Қайым Мұхамедханұлының түсінігін бере отырып жариялады. Оқиға 1918 жылы 6-наурызда таңертеңгі сағат 9 шамасында Алаш қаласында болады. Мылтықсыз ойнап жатқан атты қорғаушылардың (милициялардың) жанына 10-15 солдат келіп «ойындарыңды тоқтат, мылтықты бер» деп қоқан-лоқы мінез көрсетеді.

(Эссе)

Оған милиционерлер өз жүректерінде ұлт сақтаудан басқа ешкімге қастық қылатын ниеті болмаған сон, қарсы да келмейді, ойынын да тоқтатпады, – деп жазады Бейімбет.

– Солдаттар мылтық атады. Мылтық дауысы шыққан соң бірлі-жарымды жігіт қашуға айналған кезде милиция бастығы Қазы Нұрмұхамбетұлы жігіттерге айқайлап: «Қайда барасыздар? Жазықсыз өлсек – өлейік, бәрімізді қырмас» деп тоқтау айтып, өзі орнында тұрады. Сол арада мылтық ұштықтарымен атылып Қазының өлімі

Аяулы жолдас Қазы жас, Қош бауырым, жолдасым!..»

Жиналған жұрт қамығып, көңілі босап көзіне жас алды. Бұлардан кейін Райымжан (Мәрсекұлы), Жанғали қажы, Мұстақым Малдыбаев сөз сөйледі.

Ақырында бірге оқып жүрген жолдасы Жүсіпбек (Аймауытұлы) еңіреп тұрып:

«Жан бауырым, жолдасым! Қош бол, жасаған алдыңды өзіңе, артыңды бізге қайырлы қылсын! Талапандың, талындың, оқып қатарға кірдің. Бұл күнде мынадай мезгілсіз қазаға душар болдың өкінбе. Ұлтың үшін туып едің, ұлтың үшін өлдің. Кеудеңде бір-ақ арманың кетті. Ешкімге оқ атып, қылыш суыра алмай, жазықсыз оққа ұштың: тым болмаса, ұлтыңның бақытының шетін көре алмай кеттің. Қош бауырым, жолдасым, қош! – деп көзінің жасын тыя алмай, сөзін әрең тоқтатты.»

Бейімбет Майлин аталған мақалада Қазының жасы 22-де, Семей уезі, Еңірекей болысында, Сыбан деген рудан екенін де айтады. Семейден 2 класты мектепті бітірген соң бірер жыл бала оқытып, қаражат жинап алады да, 1915 жылы семинарияға оқуға түседі. Оны келесі жылы бітірем деп жүргенде ұлт тілегін зор көріп милицияға жазылып, одан кейін оған бастық болады. Аққөңіл талапкер, жігерлі, ұлтшыл жас болғанын атап жазады.

Басшы азаматтар, облыстық қазақ комитеттері кеңесіп, марқұмның басына ескерткіш тас қоюға, жақсылап бейіт салуға қаулы алады. Қазының оқуға жасы жеткен бір інісін оқытуға стипендия ашады. Көрі ата-анасына және әйелі мен баласына мың сом жинап беруге келіседі. Жетісіне жұртты шақырып, құран оқытып, дұға

сы, оның ішінде Сыбан руынан. Ұлы атасы Атақара молладан Быламық пен Нұрмұхамбет туады. Нұрмұхамбеттің кіндігінен 5 ұл болған екен. Олар: Құдайберді, Ісләм, Қазы, Тәуелқазы (Тәукен), ең кішісі Кенжеқазы. Алашордашыларды және олардың туыс-туғандарын аңша аулау науқанында Құдайберді мен Ісләм сондарына түскен жаналғыштардан бас сауғалап қашып кетеді де, ізін суытып Аягөз жаққа оралып, ақыры аты-жөндерін өзгертіп, зым-зия жоғалады. *(Қытай асып кетуі де мүмкін)*. Тәуелқазы (Тәукен) Нұрмұхамбеттің атынан шығып, Быламықов боп жазылып қызмет етеді. Семейде ет-консерві комбинатында директор да болады. НКВД жендеттері ақыры ұстайды. Бұдан кейінгі тағдыры белгісіз. Одан қалған жалғыз қыз Хамила 1976 жылы Аягөзде дүние салады.

Қазының кенже інісі Кенжеқазы ағасы оңат болғанда жас екен. Кейін оқып, мұғалім болады. Мұны да қудалай бастағанда Тарбағатай жаққа өтіп кетеді. Ол жерде де жаны қалмайтынын түсініп, өзі тіленіп майданға аттанады. Карелия жерінде ерлікпен қаза табады. Сүйегі сонда бауырластар қорымында. Артынан қара қағаз келеді. Одан қалған екі қыз – Нұрфатима мен Гүлфатима. Біріншісі – Қарағандыда, екіншісі – Алматы облысының (бұрынғы Талдықорған облысы) Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылында тұрады. Балалы-шағалы. Нұрмұхамбеттен өрбіген ұрпақтың қайғылы тағдыры қысқаша айтқанда осындай. *(Бұл жөнінде жаңа дерек беремін дегендер болса осы мақаланың авторына хабарласуына болады. Қарағанды қаласы, тел. 75-43-27)*.

© 2003 жылғы 18 қаңтар

«дүние жүзінің құл-құтаны біріңдер!» деп ұран салған лениншіл большевиктер осы екеуін де жөргегінде тұншықтырып, елім деген ерлерді «халық жауы» атандырды. Қара халық олардың атын атауға қорықты. Сондай атаусыз арманда көткен ерлердің бірі – осы мақалада сөз болатын Қазы Нұрмұхамбетұлының тағдыры Алаш партиясы, «Алашорда» үкіметімен тамырлас әрі сабақтас. Бірінсіз-бірінің бейнесі ашылмайды.

Арғы дайындық жұмыстарын айтпағанда, Бірінші Жалпы қазақ съезі Орынбор қаласында 1917 жылы шілденің 21-26 күндері өтті. Онда қаралған төрт мәселенің ішіндегі ең бастысы – қазақтың саяси партиясын құру еді. Алаш партиясы дүниеге келді. Партияның бағдарламасын жасау және Қазақ автономиясын құруға дайындық жұмысының жоспары белгіленді.

Алаш партиясының басшылары патша тақтан құлаған соң уақытша үкіметтен, оның Құрылтай жиналысынан көп үміт күткен еді. Ұсақ ұлттарға жақсылық жасайды, буржуазиялық демократияның шарпа-тымен олардың өз мемлекеттігін береді, оған әр ұлттың өз үкіметі басшылық етеді деп сенді. Ал, большевиктер Уақытша үкіметті түрмеге қамады. Кейінде Әлихан Бөкейханов: «Құрылтай басына бұтын көтеріп тұрып большевик сарыды» деп жазды. («Қазақ» газеті. №260 1918 жыл).

Әлекең автономияны жақтамайтын, бар мақсаты – аз ұлттарды құлдану болған кадет партиясынан шықты. Ол сонымен бірге большевиктердің екіжүзді алдампаз саясатынан да түңілген еді. Оған дәлел: 1917 жылы 2-қарашада жарияланған, Ленин мен Сталин қол қойған «Россия халықтарының хұқы жайындағы Декларацияда»: «Россия халықтары (мұның ішінде қазақтар да бар) тең құқықты, суверенді болады. 2) Олар билікті өз қолдарынан алуға ерікті, тіпті дербес мемлекет болып кетуге құқықты» деп айқайлатып жазылса да, кейін көсемдер осы уәдеден танып кетті. «Алашорда» үкіметін біз білмейміз, танымаймыз» деп безіп шықты. Ал, кейінде Сталин алашордашыларға Ленин берген кешірімді бөлден басып, оларды көгендеп айдап, қырып салды.

Алаш қозғалысының сардары Әлихан Бөкейханов Семейге 1917 жылдың қазан айының 21-күні Омбыдан келді. «Сол күні Семей қазақ-

ғыдан қан жылап қаңғырған күнде басыңды алаш жолына құрбан қылған ағамыз, асқар тауымыз, Сізді көргендегі жүректің қуанышын тіл айтып жеткізерлік емес. Өмірің, жүрген жолың біз – інілеріңе жағып қойған шамшырақ! Жасасын сүйреген Алаштың! Жаса, сабазым!»

Әлекең жиналғандардың көзіне бостандық болып, ғасырлар бойы Ресей отаршыларының құлдығында жаншылып, тапталған қазақтар үшін «Жүрек майын шам қылған», адамзатқа от жеткізген Прометей болып көрінді. Әлекең бостандық жолында бірігуге, бас пайдасы мен жұрт пайдасын бірдей көруге, барлық күшті ғылым жолына жұмсауға шақырды. «Міне, осыларды қылмасандар, бостандық өзінен-өзі сендерге түк те әкеліп бермейді» деп ескертті. Осы әулиелік сөз бүгін де, ертең де өлмес күшінде. Семейде қарсы алудан соң Әлекең жүрегінде елім деген оты бар баршаны өз маңына топтастыра бастады.

Екінші «Жалпы қазақ-қырғыз съезі 1917 жылы желтоқсанның 5-13 күндері Орынборда өтті. «Сарыарқа» (Семейде шығып тұрған) газетінің 1918 жылғы қаңтардың 25-күнгі 29-санында «Съез қазақ-қырғыз автономиясын «Алаш» деп атап қаулы етті. Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен уақытша үлт кеңесі құрылсын: мұның аты «Алашорда» болсын. «Алашорданың» уақытша тұратын орны – Семей қаласы болсын. «Алашорда» бүгіннен бастап қазақ-қырғыз халқының билігін өз қолына алады» деп атап көрсетті. Алаш милициясын (аты осылай аталғанымен бұл мемлекет ішінде бассыздық, талан-таражы, қырылыс-талас болып жатқанын ескеріп, халықты осындай бүліншіліктен және сыртқы дұшпаннан қорғау үшін құрылған әскер деп түсінген жөн. М.Х.) құру мәселесі шешілді.

Алаштың алғаш құрбаны

1918 жылы қыс ортасында Семей (Жаңа Семей – Алаш) қаласында қазақ жігіттерінен милиция ұйымдастырылады. Милицияны басқарушы – офицер ретінде Семей мұғалімдер семинариясының оқушысы – семинарист Қазы Нұрмұхамбетұлы тағайындалады. Бұл кезде Қазы, Жүсіпбек Аймауытов, Қаныш Сәтбаев – бәрі бір класта, 3-курста оқитын.

Милицияны ұйымдастырудағы қиыншылықтарды жігерлікпен, іскерлікпен жеңген Қазының беделі өсіп, көптің сүйіктісіне айналады. Міне,

толық ретінде отарлық қасиетке басыңды, атына да оқ тиеді. Оқ жүректен тиген. Есіп жас сол арада жан тапсырады. Ертеңіне халық көп жиналып, жаназасын шығарады. Алаш жолында құрбан болған жас бағланды ұмытпасқа белгі болсын деп екі рет суретке түсіреді.

Бұдан әрі оқиғаны сол «Сарыарқа» газетінде бағдалған күйінде беруді жөн көрдім.

«Қабірге қойып, құран оқылып болған соң Шәкәрім ақсақал халыққа қарап сөз сөйледі.

— Әлеумет! Мына жатқан кім, білесіңдер ме? Бұл ұлты үшін шыбын жанын құрбан қылған Алаш азаматының тұңғышы. Мұны өлді демеңдер, бұл өлген жоқ. Бұл бүгінгі және мұнан соңғы «ұлтым» деген азаматтар, мына мен сияқты болып, «ұлтым» деңдер деп өзінің ұлтшылдығын сөзбен емес, іспен көрсетті. Марқұмның аты да Қазы еді, Қазы – би деген сөз. Қазы билігін айтып кетті.

Қарағым Қазы! Өліміңе өкінбе! Арманың жоқ. Құдай алдында да, жұрт алдында да сенің орның бөлек. Оқығандар! Жастар! Мынау жолдас-тарыңды ұмыта көрмеңдер. Мұның үй-ішінің міндеті сендердің мойыңдарыңда. Бір кішкентай көзіңді қарашығы (бір жасар ұл баласы) қалыпты, соны тәрбиелеп адам қылу, бәрінің, барлық Алаштың мойнына парыз. Және өздерің де бұл оқиғаға қажымандар. Құдай тағала Алашқа шын үл бергеніне бүгін ғана көзің жетті. Алпыс жасқа келгенде, мұндай ұлты үшін жанын қыып, құрбан болған азаматты көрелің деген үмітім жоқ еді. Көрдім. Енді бүгін өлсем де арманым жоқ. Қарағым Қазыжан! Қадіріңді біліп, құрметтей алмасам, кешу қыл, қош! Қабірің нұрлы болсын! – деді. Жыылған әлеумет жылап-еңіреп жіберді...»

Сонан кейін Міржақып Дулатұлы мынаны айтты, – деп Міржақыптың соңғы жинағына енген жоқтау жырды толық келтіреді. Үзіндісі мынадай:

Міржақып: «Мынау кім жатқан, әлеумет, жас қабірді жамылып?» деп сурақ қойып алады да, оған өзі жауап береді.

«... Бусанып жатқан жас қабір
Иесін мұның айтайын:
Мақсұты ұлттың жолына,
Туын ұстап қолына
Жас өмірін пида еткен,
Жар-жолдасын күзіелткен
Алаштың адал баласы,
Армансыз өлген данасы!
Жүректен жалғыз оқ тиген,
Жаза баспай дөп тиген.
Алаштың бұл құрбаны,

Алаш аман болса, бұл құрбанын құрбан ұмытылмас, тарихта аты қалар. Бірақ біздің бұдан үлгі алып, жүрегімізді соның жүрегіндей қылуымыз керек. Рухың шат болсын, шейіт болған Алаштың бір баласы. Біз де сенің ізінде. Қош жолдасым! – деп аяқтайды мақаласын Бейімбет Майлыұлы.

Қазының өлімі Омбыда оқып жүрген қазақ жастарын да қатты қайғыртады. Омбыдағы «Бірлік» атты жастар ұйымының басшылары: Смағұл Сәдуақасұлы, Қошке Кемеңгерұлы, Ғаббас Тоғжанұлы және Асхан Сайдалыұлының көңіл білдірген жеделхаттары «Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы сәуірдің 15-күнгі санында жарияланады.

«От жанды, ұлт қанды, есіп қыршын жас Қазының арманы жоқ, ұлт жолында тұңғыш құрбан болды. Жастарға жолбасшы жұлдыз, түпкі идеал болды. Біздер Қазыны және оның үлгіні жолын ұмытпасқа, құдай алдында, ар алдында уәде бердік. Сол уәдеге бірінші негіз салу үшін 20-сәуірде қазақша ойын жасап, түскен саф пайданың жартысын артта қалған бір жасар ұл баласының тәрбиесіне бермекші болдық. Және басқа уақыттарда жәрдем көрсетіп тұруға қаулы істедік» делінген «Бірлік» жастары қол қойған жеделхатта.

Міне, Алаштың Шәкәрім, Міржақып, Жүсіпбек, Бейімбет сынды арыстарын терең тебіренген, Семейде, Омбыда оқып жүрген талантты жастарын толғандырған Қазы Нұрмұхамбетұлының қайғылы тағдыры осындай.

Қызыл қырғынның кесепаты

Осы қайғылы оқиғаны өзі көрмесе де, көрі құлақ адамдардан естіп, білген Қазының інісі Кенжеқазының жұбайы Хүснi-жиһан Әбілмәжiнқызы (Мақайқызы) Қарағандыда 83 жасында дүние салғалы 6 жылдан асты. Осы кісінің айтқан әңгімесінің мазмұны мынадай:

... Қазының келіншегі орыс қызының есімі – Нина екен. Олардың ұлының аты – Мекайыл. Сол Нина Қазы өлген соң ішкі жаққа баласын алып кетеді де, 9 жылдан соң баланың өлгенін хабарлап, Қазының қанды көйлегін марқұмның інісі Тәуелқазыға жібереді. Қазы діні бөлек Нинаға үйленгеніне Алладан кешірім сұрап, «менің жүрегіме ақ махаббатты ұялатқан өзің ғой» деген мағынада өлең де шығарған екен.

Қазының ата тегі – Найман тайпа-

Осыдан 6 жыл бұрын 1977 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің қыркүйектің 26-күнгі (№23) санында Марат Әбсемет «Міржақыптың ақындық шеберлігі» деп аталатын мақаласында «Қазы Торсанов зиратының басында тұрып шығарған қоштасу жырында былай дейді» деп жоғарыда берілген «Тұңғыш құрбан» деген өлеңін түгелдей алға тартады. Еріксіз ойға қаласыз. Бұл қалай? Бұл өлеңнің Қазы Нұрмұхамбетұлына арналып шығарылғанын «Сарыарқа» газеті оқиғаның ізі суымай-ақ жариялаған жоқ па еді? Нұрмұхамбетұлының азан шақырып қойған аты Қазы емес, Қазы, ал тек есімі Торсанов емес, Нұрмұхамбетұлы екенін Шәкәрім Құдайбердіұлы, Бейімбет Майлыұлы анық айтпап па еді? Тіпті руына, жасына дейін тәптіштеп жазбап па еді? Сонда Торсанов деген қайдан шықты? «Тар жол, тайғақ кешуде» Торсанов деген біреудің есімі аталды. Бірақ ол Қазы Нұрмұхамбетұлымен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын бөтен адам. Мен осы айғактарды келтіре отырып, шындықты бұрмаламай түзету беруді сұрап, «Қазақ әдебиетіне» хат жазған едім. Одан хабар-ошар болмады. Нәті беделді газет қателігін мойындағысы келмеді-ау деймін.

Кейін Семей жақтан сурастырғанымызда: Қазы Нұрмұхамбетұлының мәйіті жерленген зират жоюылған, ол қазір әуежайдың ушу алаңының астында қалған. Міне, «Алаштың алғаш құрбаны, есімін ел есінен шығармайды» деген Қазы Нұрмұхамбетұлы өлде біреудің қателігінен Қазы Торсанов болып бүгінгі ұрпаққа теріс түсіндіріліп, арманда кетіп барады. (Ә. Бөкейхановтың сүйегі де Мәскеуде бір зауыттың астында кетті ғой).

Бүгінде тәуелсіздік алып, өлгеніміз тірілгендей, өшкеніміз жаңғандай болып жатырмыз. Аллаға мың мәрте шүкіршілік айтамыз! Алаш арыстары армандап, қанын төккен, жанын қиған ақжарылқап күн туды. Бостандық, теңдік ұраны іске асты. Енді елін, жерін, ұлтын сүйген ұлтшыл (бұл сөзден енді қорқудың орны жоқ, шыны солай) ерлер есімі тарихымызға оралып, алтын әріптермен жазылуы керек. Сонда ғана аяулы арыстарымыздың аруағы бүгінгі ұрпағына риза болады.

Масғұт ХАЛИОЛЛА,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.



АЗ-КЕМ ӘҢГІМЕ

Биылғы жылдың 5-13 желтоқсаны аралығында жалпы екінші қазақ құрылтайы өтіп, Алашорда автономиясының құрылғанының жарияланғанына 90 жыл, қасиетті қазақ топырағының ақыл-ой тамырын отап, тектік ұйытқысын ірітіп, ұлттық тағдырының ұясын бұзған, қатігез жазалау науқанының алғашқы тергеу ісінің басталғанына 17 желтоқсанда 80 жыл, Ахмет Байтұрсынұвтың атылғанына 8 желтоқсанда 70 жыл толады. 1927 жылы желтоқсанда басталған тергеу жұмысының үкімі алпыс жылдан кейін (1987) күшін жойды. Өзара сабақтас осындай оқиғаларға орай “Алаш ісі” деп

пен заңсыздықтардың жол берілгенін анықтады. Сөйтіп Қазақ ССР қылмыстық және қарулық Кодекстің 375-статьясын жетекшілікке ала отырып, төмендегідей шешім шығарылды:

“Шешім: СССР Халық Комиссарлар Советінің жанындағы ОГПУ-дің (Төтенше Мемлекеттік Саяси басқармасының — автор) IV коллегиясының 1930 жылғы 4 сәуірдегі және 1931 жылғы 13 қаңтардағы Байтұрсынұв Ахмет, Дулатов Мир-Якуб, Аймауытов Жүсіпбек, Есполов Мирза-Ғазы, Ғаббасов Халел, Әділев Дінмұхамед, Бірімжанов Ғазымбек, Юсупов Ахмед-Софы, Жұмабаев Мағжан, Омаров Елдес, Битілеуов Дамолла, Болғанбаев Хайредин, Байтасов Абдолла, Жәленов Кәрім, т.б жөніндегі

біріне өшіктірілді де, іле-шала “мендешовщина”, “садуақасовщина”, “сейфуллиновщина”, “ходжановщина”, “төрәқұловщина”, “рысқұловщина” деп мысқылдай келекелеп, ақыры оларды өкімет басынан қудалап тынды. Зиновьевтің: “Голощекин Қазақстанға барысымен, жергілікті ұлт интеллигенттері мен қайраткерлерін өзара қырқыстырып, ақыр соңында оларды қуғынға салып, үлкен қиянатқа душар етті” — деген пікірі дұрыс-ты.

Мұның барлығы орны толмас қасірет өкелді. “Ел билеген кемелдердің” көзін жою арқылы ұлттық сананы жою — ақ патшадан қалған мұра еді. Әлихан Бөкейханов Алашорда Үкіметі Ресейден дербес мемлекет болатынын мәлімдегенде атышулы адмирал Колчак бірде:

идеологтары мен теоретиктері құралған академик Шербинан экспедициясының құрамында жыл бойы зерттеу жүргізген Әлихан Бөкейханов ел мен жерінің мәселелерін астары бөгесіне дейін білетін. Жер мен қоныстану туралы қарарлар 1922 және 1925 жылдары ақпай күпия түрде дайындалды өрі де сол кезде Әлихан Бөкейханов Мәскеуде мырзақаматқа ұстанып болатын. Соған қарамастан патша мен большевиктердің жазалау және тыңшылық мекемелерінің өдіс-төсілдерін барынша жеңілдеткен Әлихан Бөкейхановтың араласуының және ақпарат кеңесінің нәтижесінде: патшалық Ресей тұсында 1914 жылы, ал Ресей өкіметі тұсында 1927 жылы атқарылуға тиісті “тың көтеу науқаны”, яғни Ресейден алдында 360 мың қарашекпен Қазақстанға әкеліп, “коллективтендіру” деген желеумен жер бөліп беру туралы жасырып жоспар жүзеге аспай қалды.

Мұның өзі ұлт көсеміне одан тыс бедел өкелді. Сонымен қатар Қазақстандағы жер нормасын белгілеу мен артық жерді анықтау мақсатында Әлихан Бөкейхановтың 1926 жылы С.Ф. Барновпен, С.И.Руденкомен бірігіп Атырау өңірінде жүргізген ғылыми экспедицияның қорытындысы “Қазақтар. Антропологиялық зерттеулер” деген атпен Ленинград қаласында 1927 жылы жеке кітап болып басылып шықты, өзінің пікірін ғылыми тұрғыдан көпшілікке жария етті. Енді одақтас республикалардың барлық өкілдері ашықтан-ашық қолдап отырған Ә.Бөкейханов қалайда ауыздықтау қажеттен туды. Өйткені, Кеңес өкіметінің “коммунистік-колонизаторлық” ұлт саясаты мен “артық жерді қоныстандыру” науқанын жүргізу Ә.Бөкейханов тұрғанда ұлт келдеріне ұшырайтыны сөзсіз еді. Сондықтан да Мәскеудің Қазақстанның да тергеушілерінің оның сонынан қатан бақылау қойды. Ә.Бөкейхановқа Қазақстанға келуге тыйым салынды. Оны қамқаса алу үшін алдын-ала сұрақ-жауап жүргізген тергеушілеріне: “Е, тағы да жер мәселесі туралы заң шығарғанды жатыр екенсіңдер ғой. Бұдан бұрын да екі рет Халық комиссарияты жер мен жерге қоныстандыру туралы шешім шығарды, алдында мені абақтыға қамап еді. Бірақ та аз ұлттардың өкілдерінің, оның ішінде Украина мен Грузия өкілдерінің талап етуімен Бутыркадан бірдезін Кремль тәрізін шығарған болатын. Жер мен қоныстандыру туралы Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысы орыстандыру туралы қаулы екенін дәлелдеп бергеніммен, шешім қабылдағанды жатыр екенсіңдер ғой.”

АБАҚТЫҒАТЫ АЛАШ

Тұрсын ЖҰРТБАЙ,
филология
ғылымдарының докторы.

аталып, КГБ архивінде құпия сақталған деректерді оқырман назарына ұсынып отырмын.

Түрме — құпия мекеме, түрмеге түскендердің тергеу хаттамасы мен жаза үкімі сақталған құжаттар құпияның құпиясы. Саяси қылмыскерлерге қатысты, оның ішінде мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің тергеулеріне екінші бірінші қолы жете бермейтіні анық. Тіпті төуелсіздік тұсында да ол деректер жалпыға жария етілмейді. Бұл кез-келген мемлекеттегі қауіпсіздік мекемесіне тән заңдылық. Сондықтан да “Алаш ісіне” қатысты құжаттарды еңбектің құрылымы мен тартымды оқылуына нұқсан келтіретіндігін сезіне отырып, тергеу барысындағы санкциялар мен хаттамаларды, сұрақ-жауаптар мен қосымша деректерді, жеке адамдардан төркіленген хаттар мен олардың үстінен жазылған “домалақ арыздарды”, жауапқа тартылушылардың түрме ішінде өзара жазысқан хаттарын толық келтіруді жөн көрдік.

Әрине, олардың барлығы, әсіресе айыптау үкімдері мен жеделден адамдардың жауаптары нақты өмірлік шындыққа сәйкес келе бермейтіні түсінікті, өйткені тергеу жұмысы жауапқа тартылғандарға қалайда саяси айып тағып, оларды қылмысты етіп көрсетіп, бағытталды.

қаулысының күші жойылсын, олардың іс-қимылдарынан қылмыстық әрекеттер табылмағандықтан да тергеу барысы тоқтатылсын.

Қазақ ССР прокурорының наразылығы қанағаттандырылсын. Қазақ ССР-нің Жоғары соты — Т.К.Айтмұхамбетов Коллегия мүшелері — Е. Л. Грабарник, К.Т.Кенжебаев”.

Осы шешімнің негізінде Жоғарғы соттың мүшесі Қазықас Кенжебаев Қазақстан КП Орталық комитетінің бірінші хатшысы Г.Колбиннің атына “Алаш” қайраткерлерін ақтау туралы ұсыныс жолдады. Қазақстан КП Орталық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Ө.Жәнібековтің араласуымен арнайы комиссия құрылды, сол комиссияның шешімі бойынша Алаш қайраткерлерін саяси және шығармашылық тұрғыдан ақтау туралы арнайы қаулы шықты. 1989 жылы сәуір айында Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің архивіне рұқсат берілді. 1991-1992 және 1997 жылдары құпия архивтегі тергеу ісімен тиянақты түрде танысуға мүмкіндік туды.

Сонымен тергеу қашан басталды және қалай аяқталды? Жазаға тартылғандар кімдер еді? Олардың қылмыстары қандай? Мұның бәрі де орында сауал. Ал оған бір сөзбен, бір тергеудің дерегіне сүйеніп, толық жауап бере алмайсың. Қысқа қайырып, тұтамдай тұжырымның өзінде де, әлқиссаны өріден бастауға тура келеді.

“Маған салса, қазақтарды бағындыру қиынға соқпас еді: халыққа сөзі өтетін, халық сенетін 500 интеллигенттің көзін жойса, жетіп жатыр — қазақтар тағзым етті деп есепте”, — деген екен.

Расында да қазақ ұлтының ең осал жері осы зиялы қауым болатын. Алайда, Сібір мемлекетінің әскери өміршісі адмирал Колчактың өзі мұндай қаскүнемдікке бармады. Ал, Голощекин үшін олардан неғұрлым тез құтылса, соғұрлым бір өзінің жеке билеп-төстеуіне жол ашылатын. Сөйтіп, жазалау машинасы іске қосылып кетті. Оны тоқтатуға Голощекиннің өзінің де шамасы келмейтін. Өйткені, бұл жай қыр көрсету емес, алдын-ала жоспарланып, Сталиннің: “Голощекин жолдас! Мен мына мәліметіңізді белгіленген саясатты — негізінен алғанда бірден-бір дұрыс деп ойтаймын” — деген мақұлдауын жазбаша түрде алынып қойылған, ұлт зиялыларын жаппай жазалауға бағытталған нақты әрекетінің басы еді.

Берген антты “большевиктік ақ жүрекпен” орындау үшін дубара басшылар “ұлы құрбандық шалуға” жанталаса жанықты. Бұл “құрбандыққа” Голощекин айтқан “әлі де жер басып жүрген ұлтшылардың көрі көсемдері” Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұв, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Халел Ғаббасов, Халел және Жаһанша Досмұхамбетовтердің, Мұхамеджан Тынышбаевтың есімі аталды. Олардың кеңес өкіметі мен қазақ ұлтының қасіретіне екендігін ашықталайық.

ші, оларды қылмысты етіп көрсетуге бағытталса, айыпталушылар қалайда бір-біріне зиянын игізбей, араша түсу мақсатын станған. Сондықтан да тергеуінде бір-біріне қарама-қайшы жауаптар да кездеседі. Мысалы, азақ ұлтының көсемі Ахан — Ахмет Байтұрсынов: “Мағжан қын. Ал менің ақындарда жұмылым жоқ. Рысқұлов қызыл комиссар. Сондықтан да ол мені қастырмайды. Ал Қожанов мені Рысқұловпен жақсы деп ойлайды. Екеуі де мені кеңес өкіметінің жауы деп есептейді. Мен де парға жоламаймын”, — деп жауап берген. Бұған қарап бұл үш ұлғаны өзара жау етіп көрсеткеннен оны дәлелдеуге тырысқан шақтары жарияланымдардың жақсы көруі өкінішті, ұлтымыздың айтқысы үшін мұның кесірінен асқа пайдасы жоқ, күмәнсізге үдік қана тудырады. Шындығына келсек, патша өкіметі мен еместік тергеушілердің арандату өсілін өбден меңгерген Ахан — Ахмет Байтұрсынов осы жауабы арқылы Рысқұловты да, Қожановты да қылмысты іске тартыудан аулақтатып, қорғап отырғаны солай болды да.

Тергеу ісімен танысудың қысқаша тарихы мынадай: 1987 жылы 13 қаңтар күні Қазақстан Жазушылар одағының сол кездегі бірінші хатшысы Олжас Сүлейменов: 1). Желтоқсан оқиғасына айланысты ұсталған және қымыл көріп жатқан студенттер мен тастарды қорғау мақсатында. 2). Депрессияға ұшыраған жазушылардың мұраларын ақтау бағытында. 3). Басылымға тыйым салынған шығармаларды қайта жариялаудың мүмкіндігін қарастыру арасында Правобок комиссия ұруды тапсырды. Ақпан айында Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің сол кездегі орынбасары, генерал-майор Әбдірахманов басатқан 7 полковник жазушылар шағына келіп, осы үш мәселе төңірегінде мағлұматтар берді.

1988 жылы қаңтарда Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы Олжас Сүлейменовтың сұрау салуы бойынша Қазақ ССР-нің бас прокуроры Ф.Б.Елемесов “Алашорда” қайраткерлерінің үстінен жүргізілген тергеудің заңсыз жүргізілгеніне наразылық білдіріп, Қазақ ССР Жоғарғы сотына ұсыныс жасады. 1988 жылы 4 қарашада Жоғарғы соттың қылмысты істер жөніндегі коллегиялық мәжілісінде “Кеңес өкіметін қарулы көтеріліс арқылы сұлату мақсатында ұйымдасқан “Алашорда” қайраткерлерінің контрреволюциялық, террористік істерінің құпия ұйымын өшкелеу ісіне” қатысты сот үкімі айта қаралды. Оған Қазақ ССР Жоғарғы сотының төрағасы Г.К.Айтмұхамбетов, Жоғарғы соттың мүшелері Қ.Т.Кенжебаев, Е.Л.Грабарник және Қазақ ССР прокуроры Ф.Б.Елемесов қатысты. Жиыны 14 томдық тергеу ісінің егжей-тегжейін зерделей тексеріп, барлық куәлардың шағымдарымен танысып, тергеу тарапынан өрескел бұрмалаушылық

Империяның мемлекеттік басқару билігінде жалғыз ғана (!) жоғары білімді адамы (Молотов) бар шіркеу тақуасы Сталин үшін тұлға, зиялы (интеллигент) деген сөздің өзі жеккөрінішті еді. Төбе шашы тік тұрып, мурты едірейіп, алдына келген оқымыстыларды бишара күйге түсіріп, қорлаудан масаттанған ләззәт алатын мизаның (параноикты) көргенде Әлихан Бөкейханов: “Сауатсыз, өзі білмейтін, білгеннің тілін алмайтынның” нағыз өзі екен. Қазакты былай қойғанда, Ресейдің соры енді қайнайтын болды”, — депті Әлімхан Ермековке.

Оның бұл айтқан пікірі расқа шықты. Қазақ ұлты мен тұлғаларының шегер қасіреті мен көрер көрешегіне орай, халық “қуақ” атап кеткен азаматтық аты — Шая Ишкочич, бүркеншік есімі — Филипп Исаевич Голошекин Қазақстанға келе салысымен өзінің “сыпыра сыпыру”, “жағалата жаппай жазау”, “қарғыстың қамытын кигізіп”, өшкереулеу әрекетіне көшті. Ол өзінің “таққа тағайындау” құрметіне орай 1925 жылы 1 желтоқсан күні өткен Бүкілқазақстандық бесінші конференцияда: “Шындығын айтсам, ауылда кеңес өкіметі жоқ, байлардың үстемдігі, рулардың үстемдігі ғана бар”, — деп мәлімдеме жасады.

Ол Қазақстан экономикасындағы аймақтық ерекшеліктерді, өмір сүріп, тіршілік құрудағы ұлттық айырмашылықты, халықтың тарихи дәстүрін қызыл қарындашпен бір-ақ сызып, жергілікті жұрттың “қолындағы құрықтың орнына шанышқы ұстатпақ” болды. Алайда, шанышқымен іліп жеу үшін де табақта ас-дәм болу керектігін ұмытты. Тіпті араб алфавитінен исламның “исін сезіп”, жедел қаріп өзгертуді талап етті.

Бір жыл өткен соң тіпті еркінсіп, білімі мен пайымы өзінен жоғары Смағұл Сәдуақасовты нысана етіп алды да: “Сәдуақасов жолдас екеуміздің арамыздағы пікір қайшылығы түп-тура Октябрь (кеңес өкіметі — авт.) мәселесіне қатысты. Мен: ауылға кіші Октябрь жүргізу қажет деп есептесем, сіз Октябрь атаулының барлығына қарсы шығасыз. Біздің қазіргі жүргізіп жатқан жер реформамыз Октябрь емес пе?... Егер мұны азаматтық соғыс деп түсінсеніз, онда біз соғыс жағындамыз”, — деп қазақ ұлтына “азаматтық соғыс” жариялады.

Бұл “Қуақтың” қалжыңы емес, шыны болатын. Ол өзінің пікірімен келіспеген, не қарсы шыққан партия, кеңес қайраткерлерін аяусыз жазалап, олардың арасына қасақана іріткі салды. Ұлттық интеллигенцияға деген ерекше өшпенділік сезімі қалыптасты. Айтқанын үнісіз бас шұлғып істей беретін Елтай Ерназаров сияқты жандарды жанына тартты. Қазақстанның экономикасы, оқу-ағарту жүйесі, тарихы, территориялық тұтастығы, өнер мен әдебиеттегі көне мұраға көзқарас туралы баспасөз бетінде, түрлі мәжілістерде пікір таластырған партия, кеңес қайраткерлерін алғашында білдіртпей бір-

кеңес өкіметі мен қазақ ұлтының қас дұшпаны екендігін өшкереулеп, жексұрын етіп көрсетуді Ораз Исаев өз міндетіне алды. Ол сол тұстағы аймақтық комитеттің Бочагов, Мартыненко, Шафиро, Брайнин іспетті идеологтары мен тарихшыларына шұғыл түрде тапсырма берді. Деректері бұрмаланған, кей тұстары қасақана қате аударылған, тек қана өшкереуші құжаттар ғана жиналған “Алашорда” атты үш кітап бірінен соң бірі жарық көрді. Кітапты “өңдеп”, алғысөзін жазған — Ораз Исаевтың өзі еді. Мұны Бочаговтің естелігі толық растайды. Осы үш жинақтағы құжаттар “Алаш” партиясы мен “Алашорда” үкіметінің мүшелеріне басты айыптау айғағы өрі бейресми нұсқау — үкім ретінде басшылыққа алынды.

“Ұлы құрбандық” дайындау рәсімі баспасөздегі Голошекиннің қоқан-лоққысымен шектеліп қалған жоқ. Тіміскі тыңшылар да іске қосылды. Қалайда жазаға тартудың айла-шарғысы қарастырылып, түрлі арандатуларды ұйымдастырды. Бұл ретте қисынды-қисынсыз әрекеттердің өрі де мақұлданды. Идеологиялық тұрғыдан “ұлы құрбандықтың” барлық алғы шарттары жасалып бітті. Енді соны қылмыспен ұштастыру қарақеті ғана қалды. “Кіші Октябрь” идеясының жер, төркі, мәдениет, әдебиет, оқу ағарту, саласындағы бағдары “Алаш” қайраткерлерінің көзі тірі тұрғанда жүзеге оңайшылықпен аспайтынын білген өрі 500 байды төркілеу тұсындағы ел ішіндегі наразылықтың назарын басқа жаққа аудару үшін Голошекин ОГПУ-дің ерекше саяси басқармасының тыңшыларын іске қосты.

1927-1929 жылдардың арасында өзіндік пікірі бар қазақ қызметкерлерінің барлығына “ұлтшыл” деген айып тағылып, сыпыра жұмыстан қуылды. Олардың өрбір қадамы бақылауға алынып, сондарына ерген “салпаңқулақтардың” есебі Ішкі істер халық комиссариатының Мемлекеттік саяси басқармасының ерекше бөлімінің тартпасына жинақтала берді. Мұның өзі, жандармерияның тыңшылық айла-амалы мен арандатушылық қитұрқысын өккілікпен меңгерген Голошекиннің қазымыр басшылығының нәтижесінде өте тыңғылықты түрде жүзеге асты. Патша жандармериясының қулық-сұмдығына жетік, қашып-пысып жүріп өбден ысқаяктанып алған Голошекин ұлтжанды қайраткердің соңына “жансыздарды” салып қойды.

“Алашорда” үкіметі мен “Алаш” партиясы қайраткерлерінің үстінен қылмыстық іс қозғау үшін тергеу орындары ұзақ өрі тыңғылықты дайындалды. Әсіресе, 1927 жылы Голошекиннің Қазақстандағы жер реформасын жүргізу науқанына Әлихан Бөкейханов қатты соққы беріп, оның жоспарын Мәскеудің өзінде қабылдатпай тастағаннан кейін аңду күшейді. Өйткені, жер жөнінде алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтан асқан білімді маман сол кездегі Кеңес өкіметінің мемлекет басында да жоқ болатын.

Патшалық Ресейдің ең беделді ғалымдары мен әскери барлаушыларынан, отарлау жүйесінің

екенін дәлелдеп бергеніммен дәлелі қабылданбай қалып өлді. Өйткені, бұл қаулыны дайындағандар менің патша заманында ақ айтысып үйренген Никола патшаның орысшыл “қаражүздік” ғалымдары-тын. Швецо сияқты өділ ғұламаларды тұжырымы бұл іске тартылмапты. Ол жолы Бутыркадан шығарса да Мәскеуден кетуге рұқсат елмеді. Әй, бұл жолы қайта шығар қоймассындар, қабақтарың қа барып кетіпті”, — деген мазмұнда жауап берді.

Қанша түнерсе де тергеушілер түрмеге бұл жолы да Әлихан Бөкейхановты жаба алмады.

1927 жылы шілде айының 1 күні алаш қайраткері Елдес Омаров ол кісіні Ресей мен Қостанай облысының шекарасындағы РСФСР-ға қарасты Бозан хуторына демалып қайтуды ұсынады. Саяси қыспақтың құрсауы бүрі бара жатқанын сезген Әлихан Бөкейханулы туған өлкесін сонғарет көріп қайтуға келісім береді. Бұл кезде тыңшылар да оның артына мықтап түскен еді. Демалыстан қайтқан соң Елдес Омаров тұтқынға алынады. Сөйтіп “Алашорда қайраткерлерінің қарулы көтеріліс ұйымдастыру арқылы Кеңес өкіметін құлату үшін құрған контрреволюциялық астыртын құпия ұйымды өшкелеу ісінің” тергеуі осылай басталды. Ескерте кетеріміз, өуелді Ә.Бөкейхановты тұтқындауға ұмтылған тергеушілер, ол оларын жүзеге асыра алмаған соң тергеуді уақытша тоқтата түруі мәжбүр болған. Сол жылы желтоқсан айында Д.Әділеттің ұстауымен тергеу қайта жалғасқанда, уақыты қайған ілгері болса да, “Елдес Омаровты жөнет. т.б. айыптау ісі” II том ретінде қоса тіркелген.

Елдес Омаров — 1892 жыл туған. Атамекені — Қостанай округінің Тобыл болысы, Тұрған жері — Ташкент. Қазақ Торғайдағы II кластық орыс-қазақ мектебін (училище) үздік бітірген. Ақпан төңкерісіне дейін мұғалімдік еткен және округтік сот төржімашы болған, “Алашорда” қызмет істеген, Ташкентте Қазақ педагогикалық оқу орнының ұстазы. Білімі — орташа бойдақ. Саяси көзқарасы — ұлтшыл, “Алаш” партиясының мүшесі, “Алашорданың” оқу комиссиясының мүшесі, “Алашорданың” Қостанайдағы қазақ полкінің саяси жетекшісі болған. Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсыновтың сенімді өрі жақын серігі. Педагог, публицист, аудармашы, лингвист. Мектеп оқытушы ретінде жазған “О сочетании казахской звуковедения лингвист”, “Қазақ тілінің жатыулар жинағының”, орта мектепке арналған геометрия, физика оқулықтарының авторы. Заманауымы, зәру мәселе, халық басындағы мұң, мектеп, оқу жайы жөнінде және өр түрлі ғылым кітаптарға рецензиялар жазған.

(Жалғасы бар).

Тарихымызды таразыласақ

Дегенмен, қазақтың қоныс аударуының әлеуметтік салдары тақырыбына қалам тербеген жарияланымдары қазақтың мерзімді басылымдарынан бұрын, орыс баспасөзінің беттерінде де жарияланды. Мәселен, оның 1908-1910 жылдары Санкт-Петербургтің “Сибирские вопросы” журналында жарық көрген “Киргизы на совещании Степного генерал-губернатора”, “Переселенческие надель в Акмолинской области”, “Русские поселения в глубине Степного края”, “Киргизы на совещании Степного генерал-губернатора”, “Бюрократическая утопия”, “Кризис канцелярского переселения”, “Ничьи деньги”, “Переселенцы в Тарских урманах”, “Долой с дороги: идет овцевод!”, “Ненужное генерал-губернаторство” атты макалаларын атауымызға болады.

Орыс демократиялық публицистикасының жоғары деңгейде дамыған, қалыптасқан дәстүрі бар арнасында, күрделі әлеуметтік құбылыстарды қарапайым, түсінікті, барынша анық етіп жеткізе білген. Орыс тілінде жазған очерктерінде Ә.Бөкейханов сөйледің коммуникативтік функциясын “жанр естелігімен” ұштастыра, баяндаудың анық образдылығымен, ассоциация мен әлеуметтік қорытындыларды нақты анықтап, ғылыми дәлдікпен және ойын терең талдау арқылы тамаша қолдана алған.

Автор халқының аса ауыр әлеуметтік мәселелеріне қазақ өмірінің іргелі негіздерінде жатқан патша саясатының одан әрі жолын кесуге ерекше назар аударады. Сондықтан да оның бұл тақырыптарды жеткізуде орыс тілін

да болған ауыр әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелерді аса өзекті, құтылу мүмкіндігі төмен оқиға ретінде, басқаларынан бөліп, өз алдына жеке қарастыру керек деп санады. Очерк жиналыстың түп негізін баяндаудан басталады, осыдан қарастырылып отырған актінің бастапқыда қазақтардың билікке қарсы уәж айтудан жалтартатын айла болғанын, генерал-губернатордың жергілікті халыққа жаны ашып қарағандағы «мейірімді»

ды ұйымдастырудағы форманың онсыз да мүмкіндігі шектеулі жергілікті халықты тығырыққа тіреу. Осы макаланың негізгі ережелері мына макалаларда жалғасын тапқан: “Переселенческие надель в Акмолинской области” (№ 27 - 28, стр.4 -21), “Русские поселения в глубине Степного края”(№ 33 – 38), Мұндағы соңғы очерк көлемі мен көтерілген мәселенің мазмұны жағынан ерекше назар аударуды қажет етеді.

тиесілі аумақ көлемін үш есе қысқарту олардың жерді тыңайтып, өнім алуға деген қызығушылығын жойды. Егін егудің пайдасы да шамалы болды, өйткені, жердің өнім беруі төрт рет егін еккен соң, нашарлай бастады. Мал шаруашылығымен айналысу да оңайға түскен жоқ. Себебі, малды қыстауда ұстау үшін қажетті шөпті де қазақтар қыруар ақшаға сатып алатын еді.



Әлихан Бөкейхановтың орыс тіліндегі очерктері

тыру принципіне нақтырақ тоқталады. Картаға қарап отырсақ, қоныс аударушылардың басым бөлігі Нұра өзенінің саласына қоныс тепкен. Бұл жерден жергілікті тұрғындар анда-санда аздап болса да жер жыртып, егін алып, нәпақаларын тауып отырған еді. Жалпы, осы аумақтың орташа алғанда 65%-ы түрлі экспедициялардың анықтауы бойынша қолайсыз деп танылған. Әкімшіліктің қолайсыз жерлердегі 5 десятина жерді 1 десятина деп санап, манипуляция жасауы, қоныс аударушылардың есебінен аграрлық сектордың шынайы мүмкіндіктерін қылмыстық түрде бұрмалады, сөйте тұра Ф.А.Щербиннің 1896 -1901 жылдардағы экспедициясының жергілікті қазақ тұрғындары заңды түрде нормаға сәйкес жер иеленуі керек деген мәліметтеріне қарсы келді. Автор осының бәрін есепке ала отырып, көшпенді шаруашылық құрылымына аса қажетті табиғи су қоймаларының қоныс аударушылардың қолына өткеніне ерекше назар аударады. Өйткені, көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын халықтың өмірін сусыз аймақта елестету мүмкін емес. Автор көшпелі шаруашылықтың күйі кеткен көріністерін бірнеше мәрте мысалға алады. Очерктің қорытынды бөлімінде Бөкейханов ландшафттар мен Нұра аймағының табиғи-климаттық ерекшелігінің нақты мал шаруашылығы экономикасына негізделген позитивті шаруашылықтың мәнін ашады. Ол көші-қон идеологиясын жасаушылардың қолайсыз жер деген терминді жергілікті қазақ малшыларының өмір сүруінің негізі болып отырған шару-

меттік мәселелеріне қазақ өмірінің іргелі негіздерінде жатқан патша саясатының одан әрі жолын кесуге ерекше назар аударады. Сондықтан да оның бұл тақырыптарды жеткізуде орыс тілін таңдауы саяси талап пен Ресей империясының езгісіне түскен халықтың рухани қажеттіліктерін іздеу мақсатында форма ретінде пайдаланылған.

Автор очерктерін жазу барысында орыстың революциялық-демократиялық публицистикасынан нәр алады, кеңейтілген мәдени контексіне сүйенеді. Еңбек адамын дәріптеп, билік басындағыларды әжуа қылатын әдеби қағиданы ұстанады. Бөкейхановтың стилистикасын орыстың ұлттық тілінде қалыптасқан, шенеуніктердің бұратана халыққа қатысты бюрократтық бассыздыққа, екіжүзділікке, адамшылыққа жатпайтын қылықтарға қарсы адамгершілік-этикалық құндылықтарсыз елестету мүмкін емес. Нақтылық пен автордың материалды жазудағы логикалық сабақтастығы очерк мәтінінің негізгі фактурасы бола отыра, полемикамен толықтырылып, Ресейдің алдыңғы қатарлы қауымын алаңдатып отырған, үлкен тарихи-әдеби комментариймен нақты әлеуметтік-саяси құбылыстарды типтендіруге мүмкіндік береді. Материалды беру мәнері оппонентімен тікелей диалогқа түсу үлгісі арқылы жандана түседі. Очеркте баяндалатын ойдың қоғамдық мәні отарлаудың жабайы жұлқына сөйлеу мәнеріне тікелей және жанама үзінді келтіріп, оған орыстың заманауи және бұрынғы жазушылары мен публицистерінің шығармаларына сүйеніп, бірден лексико-фразеологиялық деңгейде саяси немесе онегелі-этикалық баға беріледі. Бір жағынан Бөкейханов шығармаларына қажеттілігіне сәйкес қазақтың тұрмысынан алынған ертегі-аллегория, тарихи реминисценция, пейзаждық бейнелеу, бейнелі әңгімелеуді қосып, баяндауын әдебиеттендіріп жібереді.

Мәтіннің мәнді, әрі мазмұнының бай болуы автордың ең басты мақсат ретінде өз халқының мүддесін жақтап, соны қорғай білуінде болса керек. Ә.

орыс тіліндегі очерктері

Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті өкілі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси жаңғыру жолының мақсаты мен міндетін түсіндіруде баспасөзге ерекше мән берген. Ол алғашқы ұлттық газет “Қазақтың” (1913 – 1918) идеологы болды. Оқу-ағарту жұмыстарына ерекше назар аударып, қазақтың әлемдік өркениет көшінен қалып қоймауы үшін аянбай тер төкті. Ә.Бөкейханов жарияланымдарында халқының терең тамырлы әлеуметтік мүддесін сақтап қалу қажеттілігіне ерекше назар аударды.

Сөйтіп, осы ойын қазақтың қоныс аударуына байланысты “Үшінші Дума Һәм қазақтар”, “Дума Һәм қазақтар”, “Төртінші Дума Һәм қазақтар” (“Третья Дума и казахи”, “Дума и казахи”, “Четвертая Дума и казахи”) сияқты мақалаларында білдіріп, оны 1913 жылы “Қазақ” газетінің бетінде жариялады.

Очерктің басында мәселенің маңызын дөп басқан автор, осы жерде тұратын жергілікті тұрғындардың тұрмыс жағдайын баяндауға көшеді. Мәселе Нұра мен Есіл өзендері бассейні кеңістігіндегі шөбі шүйгін, орманды алқабы бар жер кеңістігі жөнінде болып отыр.

Мұнда көшпенді қазақ халқының дәстүрлі дала өлкесіндегі басқа жерлерінен аталған аймақтың ерекшелігіне айрықша тоқталады. Бұл жерлер қыстау үшін аса қолайлы, мәселен казактың ұсақ шоқылы өлкелеріндегі қыстаулар бірді-екілі болса, бұл жерлердегі оның саны жүзге жуық. Неліктен осы аймақ көші-қон қозғалысы басталғанға дейін игерілмеген деген сұраққа байланысты, автор Нұра өзенінің жоғары ағысында отырықшы мәдениетке көшу талпынысы болғандығын дәлелдейтін, жыртылған арық жасалғанын еске алады. Дегенмен, казак жеріндегі өзендердің құбылмалы табиғаты, яғни өзен арнасының толуы жауын-шашынның түсуіне тәуелді болғандықтан, өзеннің маңы тез сорланып кететін еді. Сондықтан, жағалауға жыл сайын егін салынған жоқ, себебі, жерді тынайтып отырмаса, сапалы өнім алу мүмкін емес-тін. Олай болса, казак жерді игергісі келмеді де-

Автордың жоғарыда келтірген көптеген мысалдарынан кейін мынадай қорытынды жасауға болады: дала өлкесінде көші-қон процесін ұйымдастырғандардың ғылыми дәлелдері мен куәлері қоныс аударушы орыстар мен украиндардың дәстүрлі сәтсіздігінің баламасы, олардың көшпелі мал шаруашылығы элементтерінен қашып құтыла алмауы үшін жасалған. Оның үстіне дала өлкесіндегі жыртылған жер патша өкіметінің әр қоныс аударушыға міндетті түрде 15 десятинадан жер бөліп беру туралы құрдымға кеткен циркулярын жүзеге асыруға мүмкіндік берген жоқ. Бөкейханов Романовское поселкесінің жаңа жердегі болашағынан түңілген шаруаларының ойын бере отырып, мынадай қорытындыға келеді. “Қырғыз өлкесіне қоныс аудару саясатының қағаз үйі құлайтын күні жақын, сондықтан аграрлық мәселені шешіп, әр нәрсені өз орнына қою қажет”. Мұндағы автордың айтпақ болғаны, отаршылдық саясат жүргізіп отырған әкімшілік, табиғаты құбылмалы дала өлкесін гүл-бақшаға айналдыруды көздеген жоспары еді. Әрине, мұның ешқандай мүмкін емес екендігі о баста ғылыми негізбен дәлелденген. Бөкейханов осылайша халыққа қысым көрсету Ресейдің Еуропалық

шаруашылық жетік аядады. Ол көші-қон идеологиясын жасаушылардың қолайсыз жер деген терминді жергілікті қазақ малшыларының өмір сүруінің негізі болып отырған шаруашылықтың пайдасын көруден барынша тықсырту екенін мүлтіксіз дәлелдейді. Қоныс аударушылар шағымданатын көкпек пен мен курайдың тез әрі тоқтаусыз шығатын шабындығының қазақ жайылымдары үшін маңызы зор. Қазақтың үйір-үйір жылқысы жаз түндерінде осы курай маңында аялдап, жусайды. Қазақтарға тиесілі төрт түліктің барлығына да осы жер ыңғайлы. “Мал шаруашылығы билігінің” ғасырлар бойы қалыптасқан Қырғыз өлкесінің жүдеу табиғаты мен қырғыздардың мал шаруашылығына - қылғаны осы”.

Ә.Бөкейханов Ресейдегі буржуазиялық демократиялық революцияның тарихи міндеттерінен жергілікті казак халқының әлеуметтік мүддесін қорғап, қазбаламайды. Өйткені, ол Ресейдің конституциялық-демократиялық партиясының белгілі мүшесінің бірі ретінде, адамдардың шынайы бостандығы мен теңдігі үшін заң алдында күрескен, жер қорынан жері мүлдем жоқ немесе тым аз шаруаларға үлес бөліп беруді талап еткен ол Ресей аграрлық мәселесін тездетіп шешпейінше, экономикасы артта қалып, ішкі әлеуметтік шиеленістердің ушығуынан саяси құлдырау болатындығын жақсы білді. Дегенмен, ол өзінің партиялас үзеңгілестерімен бірге Столыпіннің бағдарламасына қарсы болды. Қадеттер аграрлық көші-қон мәселесін күн тәртібінен алу үшін орыс деревняларында тауаракша қатынастарын жерді бөліп беру нарығының базасында біртіндеп жүзеге асыру мен шаруа еңбегін жетілдіруді қолдады. “Басы артық” шаруаларды жаңа жерлерге орналастыру көп жағдайда Ресейдің аграрлық секторын депрессиядан шығармайды, керісінше, олардың әлеуметтік жағдайын нашарлата түседі. Ал патшаның бюрократиялық машинасы қоныс аудару және мыңдаған адамдарды орналастыру сияқты көлемді мемле-

соны қорғай білуінде болса керек. Ә. Бөкейханов туған халқының мәдени құқығы мен саяси дербестігін анықтау жолында жан аямай тер төкті. Дегенмен, ол көзқарасы жағынан социал-демократ бола тұра ұлтын орыс революциясынан азат ету мәселесін көтерді. Заманында жан-жақты, терең сапалы білім алған ол, орыстың заманауи әлеуметтік және экономикалық ойшылдарымен иық тіресіп тұрды. Ресей империясының ұлтты отарлау саясатының аса күрделі әлеуметтік-экономикалық процестеріне ғылыми тұрғыдан қарағанда легальды марксизмге бой алдырған Әлихан, өзінің әлеуметтік әдіснамасында қоғамдық құбылыстардың нәтижесіне баға беріп отырды. Оның өңкерінің циклі Дала өлкесінің генерал-губернаторы И.П.-Надаровтың қазақ халқының өкілдерімен жалпыресей процесінің 1905-1907 жылдар аралығындағы революцияда қоғамдық-саяси қатынастарының либерализациясына байланысты өлкеде земстволарды енгізу мәселесіне байланысты жиналыстағы ақпаратты талдауға арналды (“Киргизы на совещании Степного генерал – губернатора”, № 21 - 22, 42 – 60 беттер). Жергілікті халық өкілдеріне барынша көп шектеу жасағанына карамастан, күн тәртібіндегі мәселенің бояма сипатқа ие болуы және еріксіз шешімді орындаудың алдын-ала белгілі болуын Ә.Бөкейханов Ресей империясының отарындағы патша әкімшілігінің қылмыстық көші-қон саясатынан пай-

тырылып отырған мәселеге байланысты ресми баяндама жасаушы, Ақмола облысы ауданының бастығы Новоселов көмекшісінің мәселенің байыбына бару үшін жергілікті тұрғындардың қоныс аударушылармен арадағы келіспеушілігін, оның мәнін, көшпелі шаруашылықты ұйымдастырудың қыр-сырын қарастырғанын айтады. Бірақ, бұдан патшаның отарлау саясатының езгісіне жаншылған халық тағдыры тыс қалғанын сын садағына алады. Бөкейхановтың мақаласы талдамалы комментарийге құрылған. Ол қазыналық жер өлшегіштердің қазақтарға мал шаруашылығы үшін аса құнарлы жерлерді емес, тасты-құмды, кәдеге жарамсыз жерлерді берген басыздығына тоқталады. Оған қоса қоныс аударушылар мен қазақтар арасында жерлер қасақана жақын орналастырылған. Мұндағы мақсат қоныс аударушыларға қазақтардың қыстақтары мен ата-бабаларының сүйгі жерленген бейіттері бар жерлерді ықтиярымен тастату. Ең бастысы, қазақтар осы себептен мал шаруашылығына аса қажетті өзендері мен құдықтарын тастап кетуге мәжбүр. Сондықтан, олар шаруашылықтарына қажетті жағдай жасау үшін өздеріне тиесілі жерлерді жалға алудан басқа амалдары қалмайды. Публицист қазақтардан сулы жерлерді алудағы басты мақсат ретінде олардың есебінен салық жинау саясатының көзделгенін айтады.

Мақаланы қорыта келгенде мынадай түйін жасауға болады. Көші-қон-

болса, қазақ жерді игергісі келмеді дегуге негізі жоқ. Дикандар 2-5 рет өнім алған соң, егістік ұзақ уақыт пайдаланылған жоқ.

Әлихан Бөкейханов қоныс аударушылардың даланың ең шұрайлы жерлерін иемденген соң, шаруалардың өнімі де жыл сайын төмендеп кеткендігін дәлелдеп көрсетеді. Оның үстіне отаршыл әкімшіліктің қоныс аударушыларға жергілікті қазақ қожайындарынан тартып алып, қосымша жер телімін беруі күткен нәтижеге қол жеткізе алмады. Автордың өзі анықтаған, дәлелі мен дәйегі мол материалы осындай қорытынды шығарады.

Әсіресе, 1899 жылы Нұра өңіріндегі Ивановский поселкесіне қоныс аударушылардың өмірі ерекше назар аудартады, олар 1907 жылы мал және жер игеру шаруашылығына түгелдей көшеді. Ауылдың егістік алқабы көші-қон басқармасының ресми нормаларына қарағанда әлдеқайда көбейді. Тіркеуде тұрған 60 жан, ереже бойынша 209 адамға тиесілі аумаққа иелік етті. Шаруалар астықтың нашарлағаны туралы үнемі шағым айта берген соң, биліктің қоныс аударушыларға жаңа аймақты беруден басқа амалы қалмады. Оның үстіне қазақтарды осылайша жерден қағу олардың енді дамытып келе жатқан мал және жер шаруашылығын ұйымдастыруды шеттетуге есебінен жүзеге асырылды. Қазақтардың жерін қоныс аударушыларға беру арқылы жергілікті халыққа

қысым көрсету Ресейдің Еуропалық бөлігіндегі аграрлық секторға қандай қатысы бар деген мәселені талқылайды. Қазақ шаруашылығын жүргізген жерлерден қоныс аударушыларға берілген Есіл өзенінің бойындағы Джамалиевский, Максимовский, Семеновский, Покровский, Петровский, Новочеркасский, Астраханский, Таволжанский және Богородицкий поселкелері, Нұра өзенінің саласындағы Рождественский, Романовский, Преображенский, Ботақара, Петровский, Сенокосный және Шолаққарасуды мысалға ала отырып, автор өлкенің күллі өмір бойы қалыптасқан шаруашылық өміріне төнген әлеуметтік қауіпті көрсетеді. Ауылдардың мал жайылымы мен суаратын жері қалмағандықтан, көшпелі шаруашылықтың жүйесі бұзылды. Осылайша, жергілікті халық пен кірмелердің арасындағы шиеленіс одан сайын үдей түсті. Бөкейханов озбырлықтың мысалы ретінде мынадай мысал келтіреді. Мәселен, қазақтарға Есілдің бойынан бір көшпенді шаруашылық үшін 130 десятина жер бөліну керек болса, шын мәнінде жергілікті шаруаларға 70,6 десятина жер берілген. Қарастырып, тізе берсе, мұндай құйтырқылық іс-әрекеттер өте көп болған. Өкініштісі, сол кездегі шаруашылық саласын басқарушылар қазақтар күрек ұстап жер баптағанша, қолдарына құрық алсын деп мазак қылған. Бөкейханов қазақ даласына Ресей империясының жер-жерінен келген қоныс аударушыларды орналас-

аудару және жерден қоныс аударушыларды орналастыру сияқты көлемді мемлекеттік жоспарды жүзеге асыруға дайын болмауы аграрлық мәселені осындай тәсілмен шешеміз деген ойды абсурдқа айналдырды. Әлихан Бөкейханов - жергілікті халық пен қонысаударушылар арасындағы шешімі жоқ мәселенің құқықтық негізделуін қолдаушылардың бірі. Сондықтан да ол Дала өлкесіндегі жергілікті тұрғындарға жер бөлу кезінде олардың шаруашылығының өзіндік ерекшеліктері заңнамада міндетті түрде қарастырылу керек екенін өз очеркінде баса айтқан. Буржуазды-демократиялық революцияның соңғы мақсаты ретінде ұлттың өзін-өзі анықтау идеясын ұстанушы Ә.Бөкейханов политэникалық қоғамдастықты біріктіру, қазақ жерінде дәстүрлі жартылай көшпенділік пен қалыптаспаған хуторлық екі шаруашылықты құқықтық реттеудің мәнін қырағылығымен танып, көрегенділік танытты. Ол өзінің осы ойын 1917 жылғы “Жалпы Сібір съезі” атты мақаласында “түбінде қазақ ұлты бір автономия бола қалса, іштегі орысты ала кетеміз бе деген үміт” деп жазады. Ә.Бөкейхановтың публицистикалық мұрасы Қазақстан халқының ұлттық мәдени идентификация процесіне белсенді түрде ықпал етуде күні бүгінге дейін өз маңыздылығын жойған жоқ.

Серік Тахан,
филология ғылымдарының докторы, Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың журналистика кафедрасының профессоры.

***Алаш көсемі Ә.Бөкейхановтың туғанына 145 жыл толу қарсаңында**



Алғысөз орнына

Ұлттық ой-сананың дамуына алаш арыстары жазған оқулықтардың атқарған қызметі аса бағалы. Біздің бұл мақалада сөз етеріміз, «қыр баласы» деген лақап атпен Мәскеуде 1926 жылы «Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасында» төте жазумен жарияланған «Дүние-

нің құрылысы» (Астрономия) оқулығы. «Дүниенің құрылысы» орыстың академик жазушысы Д.Грабенің еңбегін қазақшаға аударған оқулық. Біз бұл еңбекті толығымен төте жазудан қазіргі кирилл графикасына көшірдік. Оқулық 101 беттен тұрады, 4500 данамен шыққан. «Қыр баласы» лақап аты, біздің ойымызша Әлихан Бөкейхановқа

тиесілі. Себебі, «Қазақ» газетінің алғашқы нөмірлерінен бастап, жер, мемлекет, қоғам жайындағы мақалалары мен аудармаларында Алаш зиялысы Ә.Бөкейханов «Қыр баласы» лақап атын пайдаланып отырған. Аты аталған бұл еңбек-дүниенің құрылысы, жер мен ғаламшарлардың орналасуы жайында, ғарыштық кеңістік туралы қа-

зақ оқушысына ғылыми түрде алғаш берілген астрономиялық теориялық білімдердің жиынтығы. Бұл еңбек сол кезеңдегі қазақ оқушысына алғаш ғылыми түрде берілген түсінік болғанымен, ондағы айтылатын аспан кеңістігі жөніндегі мәліметтер қазақ оқырмандарына таңсық дүние емес еді.

XX ғасырдың алғашқы жартысында ғылым тілін қалыптастыруда сүбелі үлес қосқан Әлихан Бөкейхановтың «Қыр баласы» деген лақап атпен жариялаған ғылыми аудармалар мен оқулықтарының тізімі төменде беріліп отыр: Астрономия әліпбиі (К.Фламарионнан аударған). Мәскеу, 1924. 225 бет; Дүниенің құрылысы (Д.Граведен аударған). Мәскеу: Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы, 1926. 101 бет; Жердің қысқаша тарихы (Т.Тутковскийден аударған). Мәскеу, 1926.

міз. Осылардың ішіндегі ең жарығы қашан қарасаң да бір орыннан көшпеген сықылды көрінеді. Ең жарық, ең сұлу жұлдыздар қозғалса да матаулы түйедей матауын жазбайды. Осындай матаулы жұлдызды, жұлдызшаларды ұялы жұлдыз дейді. Ұялы жұлдыздар аспан кеңдігінде шашып тастаған асықтай, шашылып жатыр». Осы мәтіндегі қараша үйдің жыртғындай, матаулы түйедей матауын жазбай, шашып тастаған асықтай деген теңеу сөз тіркестері қазақтың қай баласына да түсінікті

асы айдын қылғаны да осы». «Жұлдызды бақылап-бағып зерттеуге осы күні өзгеше үй салады. Бұл үйдің орыс тіліндегі аты обсерватория. Латын тілінде обсервы-қараймын, бақылаймын, бағамын деген сөз. Олай болған соң, бұл үйдің қазақша аты қарауыл үй болады ғой».

«Астрономшылардың аспабы, қырағы түтік-телескоп. Жұлдызшы бір түтікке қарап суретін салатын аспанның аймағына телескопты бұрмайды. Екінші түтікте сурет салып алатын аспап бар». «Күнмен ғана жарық бола-

дағы кемпіркосақты тігеді». «Ұршықты, зырылдауықты иіріп тактайға тастай берсе, ұршық та, зырылдауық та сабынан тік тұрып айналмайды, жамбастап, теңге алатын жігіттей, жантая айналады. Жердің де айналатын сабы (жерде шынында түк сап жоқ, жердің сабы дегенде ой жорыған сапты айтады) жантайыңқы болады. Жердің сабының екі ұшы (бұ да ой жорыған ұш) 23-інші суретте (№) терістік, (S) түстік қарпітермен таңбаланған. Жер Күннен жыл он екі айда айналғанда сабының терістік (№) ұшын жазбай, ас-

дары, гірігорийен календері, потоспере, кыймыйе, от құсқыш тау (қазіргі «жанартау»)–Г.К. т.б.)

Он екі зодиак таңбаларының баламасы берілген: зодыйак ені-таңбасы, зодыйак жарығы, обен (арқар), телес (бұғы), былызнесыс (егіз), рак (шайан), леб (арыстан), дебе (қыз), бесі (таразы), ыскорпыйон (қаракұрт), ыстырлес (мерген), козерок (серкемүйіз), бодолей (сукүйғыш), рыба (балық). Бұлардың кейбіреулері бүгінгі атауларымен сәйкес келеді. Сонымен қатар, Ә.Бөкейханов жаңа атау, терминдердің қазақша

құсқыш тау, тұтылыс, ұшқыш, дүниенің тозаны, сатырынның білезік шенбері, күннің тажы, құйрықты жұлдыздар, көшпейтін жұлдыздар, жұлдыз жауыны, құйрықты жұлдыздар, т.с.с.

Н.Төрекұловтың «Қазақ тіліне кіретін жат сөз болса, қазақтың тымағын киіп, жалпақ қазақ сөзі болып кірсін» дегеніндей, XX ғасыр басында кірме сөздерді қабылдауда үндестік заңын сақтап жазу басты қағидат болып алынғаны мәлім. Бұл еңбекте де сол ұстаным басшылыққа алынған: мүлйен (миллион), келеметір, сыпыр (цифр), март, ыйұн

Әлихан Бөкейханов

«Астрономия» оқулығы

«Астрономия» оқулығы

102 бет; Мұғалімдерге хат; Пыланеттер. Ж.М., 1926. №14-15. 21-25-бб.

«Дүниенің құрылысы» оқулығы мынадай 14 бөлімнен тұрады: 1. Беташар. 2. Дүниенің құрылысы. 3. Пыланеттер. 4. Дүниенің тартатын күші. 5. Жер-пыланет. 6. Жылдың қыс, жаз, жазғытұр, күз уақыттары. 7. Календарь. 8. Күн. 9. Ай. 10. Көлеңкелену. 11. Кометелер. 12. Жұлдыз жауын. 13. Көшпейтін жұлдыздар. 14. Дүниеде тоқталмай іс қылып тұрған күштер. Бұл еңбекті таза аударма деуге болмайды, негізінен қазақ оқушыларының талап-тілегіне лайықталған кезеңдік оқулық деуге әбден болады. Мәселен, бұнда «қыр баласының» өзіндік дүниетанымы мен қазақ халқының дүниетанымына тән түсініктерді баяндайтын тұстар жиі ұшырасады. Сол кезеңдегі қазақ оқырмандарының аялық білімін ескере отырып, ол ғылыми ой-жосықтарды қазақ дүниетанымына жақын ұғым, түсініктермен беруге тырысқан. Сол үшін күнделікті өмірден, айнала қоршаған ортадан мысалдар алып ұғынықты етіп сипаттаған. Мысалы: «Бұлт жоқ ашық түнде жазық далаға шығып аспанды қарастырсақ, тозған қараша үйдің жырытығындай күн, жарық жұлдыздарды көре-

ді әрі ғылыми ұғым дәл берілген, көзге елестетуге де қолайлы еді.

Автор («Қыр баласы») жер өз осінен өзі айналады деген түсінікті беру үшін «жер өзінен өзі ұршықтай айналады» немесе «жер күннен дөңгелек жолымен, арқандағы аттай айналады» деп қазаққа етене жақын таныс, күнде үй тіршілігінде көріп жүрген ұршық пен арқандаулы атты еске түсіреді. Бұл оқырмандардың құбылысты ұғынықты, онай, әрі тез қабылдап алуына тиімді әдіс еді. Сол секілді Еуропадағы христиан діні өкілдерінің Рим шіркеуіндегі католиктерді, папа, монарх секілді діни атақ, лауазымдарын көзбен көрмеген мұсылман қазақ балалары үшін сол кезеңде «католик молдалары, полек молдасы» деп берген еді.

«Қыр баласы» астрономиялық атауларды бергенде сол зат қазақ тұрмысында болмағандықтан, сипаттамалы, түсіндірмелі әдістерді пайдалана отырып және оның қазақша баламасын да беруге ұмтылыс жасайды. Біздіңше, бұл ұмтылысы сәтті шыққан. Мысалы: «Пыланеттердің көбінің ерткен қосшысы бар. Пыланеттер күннен айналғанда қосшы жолдастары көлеңкедей еріп пыланеттерден айналады да жүреді. Біздің жердің қосшы жолд-

ды, пыланеттер аспан кеңдігінде дөңгелек сызық жолмен күнді, қазықтан айналған арқандағы аттай айналады, сонымен пыланеттердің бұл жолын орыс латын тілінде дөңгелек-орбыйта дейді».

Жұлдыздардың кейбір атауы қазақ тілінде бұрыннан бар екендігі белгілі (Темірқазық, Жетіқарақшы, Шолпан, Кемпірқосақ, т.б.). Сол себепті автор қазақы ұғымдағы Шолпан жұлдызын батыс біліміндегі Венера жұлдызымен сәтті салыстырады. Мысалы 23-бетте: «Күннен санағанда екінші, Меркурдің сыртында күнді айналған пыланет, Ром елі сұлулықтың құдайының атын қойған. Бенере. Бұл біздің Шолпан. Мұны мен күннің арасы 7-де тағы да он бөліктің 2-і (7,2) болады. Аспанда Шолпаннан сұлу жұлдыз жоқ, күнге еріп жүріп батыста жарқырап жанады. Күнді бастап жүріп шығыста, күн батса келе жатыр деп тұрады. Шолпанның жарығы сондай күшті, жерде тас, ағаш, айуан Шолпаннан да көлеңке тастайды». «Жер жазуында (автор географияны айтып отыр Г.К.) жердің сабының екі ұшын пәліс дейді. Темірқазыққа қарама-қарсы пәлісті терістік, түстікке қарама-қарсы пәлісті түстік дейді» немесе «Күннің жарығы жаңбырдың бұлыттағы суынан өтіп аспан-

пан кеңдігінде бір бетке қойып айналады. О бет-темірқазық».

Ал астрономия ғылым саласын автор былайша түсіндіреді: «Аспан кеңдігін жайлаған жарықшырақтарды бақылап, бағып тексерген білім бетін-білімді астыроном білімі дейді. Бұл білімге бұл атты грек елі таққан. Ол елдің тілінде жұлдыз-астер, номос-қалып, заң болады. Осы екі сөзден астыроном білімінің аты шыққан. Ал астыроном білімін өрге сүйреген жұлдыз, өзге жарық сәулелі шырақтардың жүрісін зерттеген адам астырономшы аталады».

«Дүниенің құрылысы» еңбегі астрономиялық сипаттағы еңбек болғандықтан, бұнда сол ғылым саласына тән терминдер мен атаулар көп кездесетіні анық. Мысалы: аспан кеңдігі, әуесіз аспан кеңдігі, аспандағы доп, небтін (Нептун), ұран (Уран), сатырын (Сатурн) ийүпітер (Юпитер), орбыйта (Орбита), меркүр (Меркурий), марыс (Марс), мердіен, жетіқарақшы, темірқазық, қолтықтағы пыланеттер, жұлдызшы, ұялы жұлдыз, егіз жұлдыз ұясы, он екі ұялы жұлдыз, құйрықты жұлдыздар, көшпейтін жұлдыздар, жұлдыз жауыны, дүниелік тарту, майетнік, дөңгелек жолымен айналады, жер добы, жердің сабы, бысокос жыл, қалыпта жыл, иыульиен кален-

атауын, баламасын беруді де ойластырған. (Кестеге қараңыз. авт.)

Осындағы география терминіне қатысты Ә.Бөкейхановтың өзіндік көзқарасы бар. Бұл жөнінде былай деген: «Гео грек тілінде-жер, гірене-жазу. Екеуінен геугірапие деп сөз құралған. Біздің қазақ жазушылары орысқа еріп жағырапыйа деп мұны алып отыр. Біздің тілде жер де, жазу да бар. Гыректің геугірапиеесін біз жер жазуы деп алсақ оң болады». Біз қазіргі астрономия оқулықтарында вулканды «жанартау» деп атап жүрміз. Ал автор оны «от құсқыш тау» деп берген. Бұны салыстыру үшін келтіріп отырмыз.

Ә.Бөкейханов термин жасауда қазақ тілінің өз ішкі мүмкіндігі мен сөздік қорын кеңінен пайдалануға ұмтылыс жасаған: болмыс, болмыс құлы, болмыс жетегі, таза білім, жер добы, жердің сабы, аспандағы доп, аспан кеңдігі, от

(ионь), ийүн (ионь), сен-тебір, декебір, небіреп, октебір, меут, секүнт, нөл, геугырапыйе (география), телегыраб, телепон, от арба, тырамбай, пойыз, т.б.

Қорыта келе айтарымыз, «Дүниенің құрылысы» оқулығы алғашқы астрономиялық оқулық санатына жатады. Оқулық қазақтың ұлттық ғылым тілін дамытуға үлес қосқан, астрономия, география, физика ғылымы салаларының тарихында өзіндік орны бар еңбек. Алаш зиялыларының мұрасын танып-білу бүгінгі таңдағы әртүрлі ғылым салаларындағы терминдерге балама тауып, жаңа жолдарды іздестіруге, зерттеуге септігі тиер деген ойдамыз.

Гүлжиан
Көбденова,

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты.

Орысша атауы	Ә.Бөкейханов берген атау
Геуметірийе (геометрия)	жер өлшеу білімі
Геугырапыйе (география)	жер жазуы
Обсерваторыие (обсерватория)	қарауылүй
Телескоб	қырағы түтік
Компас	құбыланама
Бенере (Венера)	шолпан
Комете (комета)	құйрықты жұлдыз
Күн мен пыланеттер	күн қотаны
Вулкан (қазіргі атауы: жанартау)	от құсқыш тау

• Проблема. Пікір. Ұсыныс

Арасындағы байланыс Арқадағы Ақтоғай ауданы – Ә.Бөкейханның туған жері. Әкімшілік-аумақтық тілмен айтсақ, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Қаратал совхозы, кейіннен Әлихан Бөкейхан атындағы кеңшар. Зираты төрелердің қорымы Бегазы бауырындағы Талдыбейітте. Інісі Смахан төре орнатқан көк таста 1866 жылы туған деп қашалған. тоталитарлық заман жендеттерінің Алаш Орда көсемін Мәскеудің Бутырка абақтысында атып, Дон зиратында жерленгені кейіннен белгілі болды.

Кезінде Ә.Бөкейхан өзі қатысқан Шербина экспедициясының (1898ж.) мағлұматында төрелер Тоқырауын болысының 7-ші аулында Өтеміс ұрпақтарымен аралас отырған. Қаражал қыстағында – Нұрмұхамед Бөкейхан, Қараүңгір қыстағында – Абылай Рүстем, Ақтөбе қыстағында – Қоқа Рүстем, Жекежал қыстағында – Абдыхан Мырзатай.

Әлихан Бөкейхан – ормантанушы, экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, публицист, жерге орналастырушы, статистик, ғасыр ғұламасы.

Дала өлкесінде қой өсіру, ірі қара шаруашылығы, жөніндегі әсіресе, Том қаласында жазылған еңбектері айрықша. Атақты Шербина экспедициясында ол бастапқыда статистик, ал кейін зерттеу тобының басшысы. Жалпы алғанда, Ә.Бөкейхан – мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қоюшы. Қазақ халқының тарихында өшпестей із қалдырған саясаткер, ұлы тұлға.

Қазақ әлемінде өшпестей орны бар Алаш ардақтысы 1917 жылы бүкіл қазақтардың құрылтайында Алаш автономиясын жариялады, сол Қазақ Республикасының тұңғыш тө-



селолық округтердің қақ ортасы. Ауыл өзі шаруасын дөңгелетейін десе қазір жағдайы жоқ. Ең алдымен «Қазақмыс» корпорациясы бас тұтынушы осы жерден сойысхана (зертханасымен, тоназытқышымен) салып берсе теріс болмас еді.

Биыл Қазақстан дүниежүзілік сау-да ұйымына (ВТО) кірмекші, мұның талабын жергілікті әкімдер біледі. Сойысхана кем деген де 10-12 жұмыс орны. Сүт өндіретін шағын цехта қажет. Жинаған сүттің литрін былтырғыдай 45 теңгеден емес, өздері Балқашқа жеткізіп 130 теңгеден сатса оң болады, сонда ешкімге жем болмайды. Бұл цех кем дегенде 5 жұмыс орны. Жүргізуші мен санитарлық кітапшасы бар сатушы ауылдан да, қаладан да табылады.

Күні бүгін далада қалып жатқан шикізат-жүн мен тері. Алушы Қытай, Ресей деп жүр. Осыны қолға алатын мезгіл жетті. Семейде тері алатын, Жамбылда жүн қабылдайтын зауыттар

мектебінің қасында жер өңдейтін құралы болсын деп. Елбасы айтқандай қазіргі заманға лайық заманауи мектеп болсын, интернеті бар, шеберханалары, станоктары, жылыжайы, тәжірибе танабы, тракторы, соқасы, сеялкасы, автокөлігі бар дегенді меңзеп отырған болар Әлекең. Біздің ойымыз да осыған саяды. Агробизнес мектеп аты болған соң 1000 га арпа (бидай) еге алатын, 5000 га жерден шөбін шаба алатын тракторы, соқасы, сеялкасы, шалғысымен болғаны артық емес. Жылыжай село мектептерінің ақша табатын көзіне айналмақ, өздерінде асырамақ. Ақылы қызметтің кез келген түрі ауылда жеткілікті. Біздің айтарымыз осындай жаңа типті ресурсты-тірек мектеп осы. Агроқалашықта болса, инновация, жаңа технология, индустриализация дегендеріміз өз-өзінен келеді. Оқытам десең «Еңбекпен қамту-2020» бағдарламасы (қаражатымен) дайын, несие алам

гінгі Қазақстандық деп аталатын дамудың жаңа моделінің авторы – Елбасы. Назарбаев – Қазақстан, Қазақстан – Назарбаев дейтінге жеттік. Елтаңбасы, көк Байрағы, Әнураны бар, шекарасын бекемдеген, атомды жапқан, халықаралық қауымдастық мойындап қана қоймай сыйлайтын Елміз. Экономикалық одақтың да авторы – біздің Президент.

Мұның бәрі ғасырлар бойы кешегі ата-бабамыз аңсаған, Алаш арыстары жазып кеткен Тәуелсіздіктің жеңісі. Кеңес қирап, Одақ тараған тұста Алаш аманатын Н.Назарбаев мойнына алды, ауырлығына арқасын тосты. Қазақты сарабал саясатының арқасында ештеңеге ұрындырмай алып шықты. Алаш аманатын орындады.

Болып жатқан өзгерістерді халқымын бірге көріп, бірге қуанып отырамын. Немерелерімнің келешегіне күмәнім жоқ. Дамыған елдер-

Алаштың Әлихананы мен Арқадағы Ақтоғай

Алаш автономиясын жариялады, сол Қазақ Республикасының тұңғыш төрағасы болып сайланды, тұңғыш конституциясын жариялады. Онда былай деп жазды: «Қазақтың жерінің астындағы да, үстіндегі де барлық байлығы, орманы мен суы, тіпті ауасы тек қазаққа тиесілі болуы қажет...» Әкінішке орай «Алаш Орда» үкіметін құрушыларды Ресей мойындамады, большевиктер түбіне жетті. Ұлттың бетке ұстар тұлғаларының көзін жойып жіберді.

2011 жылы Астанада «Алаш мұраты және Тәуелсіз Қазақстан» атты ғылыми тәжірибелік конференция Ә.Бөкейханның 145 жылдығына арналды. Бұл Әлихантануға байланысты үлкен жұмыстың басы дерлік.

Филология ғылымының кандидаты С.Аққұлұлы Ә.Бөкейхан шығармаларының жеті томдығын құрастырды, ғалымның 20 жылдық еңбегінің жемісі. Қысқасын айтқанда, Алаш көсемі шығармаларының келесі басылымы кем дегенде 10-12 том болып шығуы да әбден мүмкін – деді «Азаттық» радиосының Прагадағы қызметкері С.Аққұлұлы. Жапониядағы Хоккайдо университеті жанындағы Славян зерттеу орталығының профессоры Уяма Томохико былай деді: Ә.Бөкейхановты 20 жылдай зерттеп келемін, алғаш Батыс тарихшыларының еңбегінен білдім. Ондағы ақпарат мені қанағаттандырмады, тереңірек зерттеуге бел будым. Мені қызықтырғаны Әлиханның көзқарасындағы прогрессивтік және еуропашылдық идеямен қатар, қазақ дәстүрін және қазақтың сақтап қалу идеясы болды. Сондай-ақ, ол модернизациялық және кәсіби көзқарастарға да бай болды.

Әлекең туралы АҚШ, Ресей, Жапон ғалымдары да көп мағлұматты жайып салды. Алаш көсемінің өмірі мен саяси қызметіне алыс-жақын шетелдегілердің ден қоюы үлкен тұлғаның биіктігінен хабар берсе керек. Енді Агроқалашыққа көшейік.

Бізге «агрородою» деген сөз Беларусьтардан жетті, қазақшасы агроқалашық. Әлқиссасы, 2010 жылы Елбасы осы елге ресми сапар шекті. Қасындағыларға көрсетті. Елге келісімен Ауыл шаруашылығы министрлігі бас болып 14-15 адам бір апта Беларусьқа танысуға сапар шекті. Бір-бірінен таяқ тастап оналасқан инфрақұрылымы да-

әзірше жұмыскер күші бар ауылдардың қазіргі тұрмыс-тіршілігін өзгерту, әлеуметтік жағдайын түзету арқылы молаймақ. Қазіргі тілмен айтқанда инфрақұрылымын жөндеу, қыстақтарға электр апару, құдықтар қазу, «ҚазАгро» АҚ-ның қаржы институттарының несиелерін нольдік пайызбен берсе деп те ойлаймын: трактор алуға, сойысхана салуға, асыл тұлкі алуға, жел двигателдерін, күн батареяларын алуға т.с.с

Бұрын Балқаш маңындағы Тоқырауын – Балқаш және Қотана – Балқаш болыстарының қазақтары Шу, Талды, Жәмші, Тоқырауын өзендерінің жағасынан суармалы жерлерді игерген. Таудан бастау алатын шағын бұлақтарды да пайдалануға тырысқан. Кейбір жылдары көктайғақ (жұт) болған. Жазда сусыз дала, шөлмен Балқашқа жету оңайға соқпаған.

Ә.Бөкейханов Тоқырауын бойындағы Қараменде мазары мен Аяқ Сарытерек арасындағы қазыналық орманды саяжаймен де танысқан. Мұнда көктерек, қарағай, терек, тобылғы, қызыл және қара қарақат, ақ және қызыл итмұрың, долана өсетін.

25 ақпан 1903 жылы ауыл шаруашылығы жанапшыларының Мәскеу қоғамының Омск бөлімінде Ә.Бөкейханов «Келешекте Тоқырауын өзені жағасында суармалы жерлерді игерудің болашағы» деген тақырыпта баяндама жасаған.

Баяндамасында ұсынғаны:

– Уйтас пен Тукөде алқаптарын суландыру үшін гидротехникалық құрылыс – бөгеттер (плотина) салу;

– Өзен бойындағы тоғайды қиюға қатаң тыйым салу керек;

– Тұрақты дүкен – қойма арқылы дихандарға несиеге тұқымдық дәнді дақылдар сату.

Әрі қарай дала кентін (Степной поселок Ә.Б.) салу, онда шаруа қожасы бастығының кеңсесі (резиденциясы Ә.Б.) мен дау-шар соты болсын. Медицинасы: фельдшер, акушерка, қабылдау-жатқызу орны болсын. Халыққа білім беру жүйесі де ұмыт қалмаған: бастауыш білім училищелері және жер-мал шаруашылығы арнайы мектептері, қоймасында жер өңдеу құралдарымен.

Балқаш маңында жәрмеңке және 2-3 мың халқы бар дала кенті пайда болатынына сенген.

«Біз қалайтын патшалық түрі – демократиялық республика етіміз»

ашылғанын білеміз. Алғашқы сұрыптаудан, өңдеуден өткізсе бағасы да көтерілмек, бұл кем дегенде 4 жұмыс орны, бос ғимараттар жетерлік.

Шаруа қожалықтарына тракторларын қосақтап, мал азығын бірігіп шабуды айтып жүрміз. Өздеріне де, зейнеткерлерге, қызметшілерге де қойлайлы. Орталықтағы әр тұрғын бері салғанда 50 мың теңгеге шөп алады, осы қаражатты неге игермеске, бұл алдын ала арзан дизель отынын алудың бір жолы сияқты.

Көзге ұрып тұрған, ізі бар, ақталатын бизнес жобалардың 2-3-ін ғана жазып ой тастадық. Мұндай жобалар 10-нан асады. Жергілікті әкімдерді халыққа, ауылға тақататын жобалардың басы осылар.

Ендігі жерде ауылға керегі мына мамандықтар: жүн сұрыптаушы, тері өңдеуші, мал союшы, сүт техникі, жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етуші, картоп өсіруші, күн батареяларын жинаушы, гидротехник, дәнекерлеуші, ветеринар, ұрықтандырушы-технолог, лаборанттар, тракторшы, жүргізуші, электрик, программист, құс өсіруші, киіз басушы, шана жасаушы, құрылысшы т.б. Шет елде фермер 15-16 түрлі мамандық иесі, біз соның жартысын берсек те болар еді. Біреулер қазақ малды соя біледі, емдей де біледі деуі мүмкін, менің құлаққағысым дүниежүзілік сауда ұйымының (ВТО) талаптарына осы бастан дайындалу. Малдың ауруы айтып келмейтін тосын апат екенін де есте ұстаған дұрыс.

Селолық округте орталықтағы халықтың басын біріктіріп, нәпақасын айырып отырған жалғыз ошақ – мектеп. Бала саны жылдан жылға азайып бара жатқаны жасырын емес. Шағын мектептерді онтайландыру процесі жүруі әбден мүмкін. Он екі жылдық оқу да қашық емес. Осыған байланысты. ҚР «Білім туралы» заңындағы кейінгі өзгеріс ресурсты – тірек мектептер (ресурсная опорная школа) дегенді енгізді. Әлекеңше айтсақ, жер-мал мектебі, қазіргі тілмен айтсақ, агро-бизнес мектебі. Менің жобам айран ішіп, құрт-ірімшік жеген, атқа міне алатын, ауыл балаларына арналған.

– 7 сыныпқа дейін қосымша мал, жер шаруашылығы, негіздері, экономика негіздерін тану, дінтану, өзін-өзі тану пәндерін оқытсақ;

– 7-9 сыныптарда агроэкономика, менеджмент, маркетинг бизнесті жоспарлау құралдарын оқытсақ. «Ауыл

десең «ҚазАгро» АҚ-ның қаржы институттары бар. «Сыбаға» да, шағын несие де осының ішінде, Кешіктіруді көтермейтін бір бағыт мал тұқымын асылдандыру. Әкімдердің тәңіржарылқасын алатын, ауылға (қыстаққа) соғатын, рейтингісін көтеретін жұмыстарының басы осы. Даладағы кенттерді тарату, қыстақтарды жабу, жайылымда (оттон) мал өсірудің тиімді екенін мойындамау – ауыл тіршілігіне зиянды. Мұны шенеуніктер де, ғалымдар да білуі керек. Кент дегеніміз бұрынғы совхоз орталықтары.

Отарлы мал жайылымы (оттон) қайыра қолға аларлық шаруа. Алда күн және жел энергиясы ауылға келеді. Қазақстан бойынша жел атласы жасалды, қытай елі жел двигателдерін жасап, бізге сатпақшы. Күн батареясын құрастыратын қазақ-француз кәсіпорыны Астана маңынан бой көтермек. Келешекте Үкімет қолдауымен жайылымдықтарды суландыру ретінде жаңа құдықтар қазылса, осы энергия көздері жұмысты көп жеңілдетер еді. Қосымша керегі киіз үй. Жылжымалы вагон, су жинағыш резервуар болмақ.

Агроқалашықтың идеологиясын «Егемен Қазақстан» 17 қыркүйек 2011ж. газетіне шығардым. Облыс әкімдігіне осы төңіректе ұсыныстарымды білдірдім. Ең қызығы мұндай жобалар облыс әкімінің ауыл шаруашылығына ие орынбасарына соқпайтынына ұқсайды. Бір деңгейдегі басқармалар біріне-бірі кіре қоймайды, есепте беруге тиіс емес. Ауыл шаруашылығы басқармасы өз алдына бір патшалық, білім басқармасы да солай. Шаруаларды қаржыландырудың ауыл шаруашылығы басқармасына қатысы жоққа тән.

Пакет үшін деген мөрі бар құжаттауды бөлінінен сырғытпа жауап аласың. Міне, осыдан кейін өзің тауып ал, ауыл қайда, әкім қайда, басы ауыратын кім, ауырмайтыны кім. Облыстан қолдау, сұрау, негіздеу болмаса Үкімет өзі ескеріп Ақтоғай ауданын пилоттық (қанатқақты) жобаға кіргізеді деп ойламаймын. Тым болмағанда Агроқалашықта республикалық бюджеттен агробизнес мектебі салынып, 10 қыстаққа қарық барып, 5 құдық қазылса ауылдың ауған жүгі түзеліп, өңесі жылдам көтерілер еді. Жылжымалы медициналық кешен барса нұр үстіне нұр. Әрине, осының бәрінің алдына ауыл шаруашылығы

де идея, ұсыныс, пікір жоба дегендердің өзі бәсекеге түседі, бәйгеге қатысады. Көптен бері агроқалашық, агробизнес мектебі деген жобаны баспасөзде көтеріп жүрмін, біріншісін беларустардан алдық. Сөйтсек, бұл туралы Әлихан Бөкейханов 1903 жылы Омбыда баяндама жасапты деп жоғарыда көрсеттім.

Біз жазып жүрген Агроқалашықты – степной поселок, Агробизнес мектепті – арнайы жер – мал мектебі депті де, қоймасында жер өңдейтін құралдары болу керек депті. Оны жоғарыда тарттым.

Мен зейнеткермін. Қолымнан келетіні ақтоғайлықтардың намысын қайрау. Ұлы Абай айтқан ғой «Қазаққа ақыл берем түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек. Әуелі – бек зор өкімет, жарлық қолында бар кісі. Екіншісі – ол адам есепсіз бай боларға керек». Біздің әкімдерде билік те, нарық тілінде бюджет те екеуі де бар, жетпейтіні халық алдындағы жауапкершілік пен азаматтық парыз. Жүдеп жатқан қазақ ауылдарының әлеуметтік жағдайына қарау, зерттеу, инновация апару. Арзан еттің Балқашқа керек екенін мойындау, алпауыт кәсіпорындардың инвестициясын тарту. Үкімет бөліп жатқан қыруар қаржының алу жолдарын оқытып, бизнес жоспарлар жасағып, ақшаны, ауылға жетелеу.

Ақтоғайда алғаш атқа мініп мойын серік құрған, кооператив ашқан, колхоз басқарғандардың дені кезінде Қарқаралыда жившколаны бітіргендер болғаны, кейінгілер білмеуі мүмкін. «ҚазАгроИнновация» АҚ-ның 24 ғылыми зерттеу институттарына техникалық-экономикалық негіздемелерін (ТЭО) тереңдетіп жасатуымыз керек. Бұлардың құрылтайшысы Үкімет, заңды тұлғалар, институттардың бәрі жеке шаруашылық серіктестері (ЖШС) аталады.

Бұлар жұмысына әжептәуір ақша сұрайды, ол ақша тағы Ақтоғайда жоқ. Дұрысы облыстық бюджеттен төлеу. Ендігі жерде Балқаштағы білім тарату орталығын Агроқалашыққа, Абай селолық округіне апарып, бюджеттік бағдарламалары шамамен былай аталса, атына заты сай болар еді. Әрине, алдымен классификтордан қарау қажет.

1. Ірі қара мал шаруашылығына және технологиялар апару, модернизация

мен саяси қызметіне алыс-жақын шетелдегілердің ден қоюы үлкен тұлғаның биіктігінен хабар берсе керек. Енді Агроқалашыққа көшейік.

Бізге «агрородок» деген сөз Беларустардан жетті, қазақшасы агроқалашық. Әлқиссасы, 2010 жылы Елбасы осы елге ресми сапар шекті. Қасындағыларға көрсетті. Елге келісімен Ауыл шаруашылығы министрлігі бас болып 14-15 адам бір апта Беларусьқа танысуға сапар шекті. Бір-бірінен таяқ тастама орналасқан, инфраструктурасы дамыған, жабдықтау құрылымы бізден бөлек, мемлекеттік меншік сақталған ауыл шаруашылығына куә болды. Тамсанып, таңдайын қағып Қазақстанға келіп, облыстарына тарасты. Күні бүгін бізге келеді, не келмейді, қазақ аулына мынандай болса ыңғайлы, сәйкесіре деген модель түгіл, бір үзіп те айтылмады. Көп жыл ауыл-шаруашылығы экономисі ретінде мені осы агроқалашық қызықтырды, қазақстандық моделінің идеологиясын баспасөзде жарияладым. Техникалық-экономикалық негіздемелерін (ТЭО) жасадым, келешегі бар бизнес жобаларын тіркедім. Материалдар Қарағанды облысы әкімдігінде және технопаркте жатыр. Ақтоғай ауданы Балқаш қаласын етпен асырап отырған жалғыз аудан, арасы 250 шақырым. Қалаға көшу тоқтар емес, жастар жұмыссыз. Ауылдар тозып, жүдеп барады.

Қарағанды облысында ауыл шаруашылығы өндірістің тасасында қалған сала. Урбанизация 78,2 пайыз, облыстың жалпы ішкі өнімінде (ВВП) ауыл шаруашылығының үлесі 3,5 пайыз. Балқашта құс фабрикасы тоқтағалы көп жыл болды. Қала халқы 77 мың. Алматы – Астана тас жолының бойында орналасқан, жазда көлдің жағасы туристерге толады. Келешекте көлдің үстінен көпір салынбақшы. Айтпағым осының бәрі ауыл шаруашылығы өнімдерін тұтынушылар. Балқаш металлургия ет жеу керек дегенді бөліп айтар едім. Ол ет жайылымы, шабындығы, үйі, қорасы, құлдығы,

бастығының кеңсесі (резиденциясы **Ә.Б.**) мен дау-шар соты болсын. Медицинасы: фельдшер, акушерка, қабылдау-жатқызу орны болсын. Халыққа білім беру жүйесі де ұмыт қалмаған: бастауыш білім училищелері және жер-мал шаруашылығы арнайы мектептері, қоймасында жер өңдеу құралдарымен.

Балқаш маңында жәрмеңке және 2-3 мың халқы бар дала кенті пайда болатынына сенген.

«Біз қалайтын патшалық түрі – демократическая республика, яғни мал өсіріп, егін салып, жерге ие боларлық түрі», деп жазды Әлекең.

1913 жылы «Қазақ» газетінде Әлекеңнің былай дегені бар: «Қала болып мал шаруасын атқаруға болады. Отырықшы мен мал шаруасын бір қылып қосақтап отырған Үкімет, осылай етсе өзіне пайда шығатын болған соң. Қазақ жері мал кіндігі, мұнда бұрын қандай жұрт жүрсе мал баққан».

Ә.Бөкейханов алдымен жерді, содан соң малды жазуы тегін емес. Азығы болмаса малы бір жұттық, мал-жан аман ба деп қазақ айта алмай қалған жылдар болған.

Жоғарыда Әлекең айтқан степной поселкке (біздіңше – агроқалашық) лайық Абай селолық округі екенін айттық, шартты түрде Алаш деп ат қойып, айдар тақтық. Онымызда қисынсыз емес, амандық болса алда Ә.Бөкейханның 150 жылдық тойы бар, **ЮНЕСКО** шеңберінде тойланбақ.

Осы агроқалашықтан түстік жерде төрелердің қорымы «Талдыбейіт», Желтаудың бауырындағы Қара Үңгір, Жекежал атты төрелердің қыстақтары.

Қолдан қолға өтіп, банктің кепілдемесіне айналған пионер лагері де осында.

Академик Ә.Марғұланның «Орталық Қазақстанның Бегазы Дәндібай мәдениеті» кітабына арқау болған Бегазы мавзолейі де осы жерді. Мәдени мұра бағдарламасының тамтұмдап берген үзік-үзік қаржылары археологиялық жұмыстарды кеңірек кешенді жүргізуге мұрша бермей жатқаны және бар. Біз кесіп-пішіп жүрген базалық шаруашылық 5-6

өзгеріс ресурсты – ірек мектептер (ресурсная опорная школа) дегенді енгізді. Әлекеңше айтсақ, жер-мал мектебі, қазіргі тілмен айтсақ, агро-бизнес мектебі. Менің жобам айран ішіп, құрт-ірімшік жеген, атқа міне алатын, ауыл балаларына арналған.

– 7 сыныпқа дейін қосымша мал, жер шаруашылығы, негіздері, экономика негіздерін тану, дінтану, өзін-өзі тану пәндерін оқытсақ;

– 7-9 сыныптарда агроэкономика, менеджмент, маркетинг бизнесі жоспарлау курстарын оқытып, «Ауыл кәсіпкері» мамандығын берсек;

– 9 сыныптан бастап Қарқаралы ауыл шаруашылығы колледжінің филиалын әкеліп, технологтар, зоотехниктер, мал дәрігерлері, кіші агрономдар, гидротехниктер ... мамандығын берсек;

Әрі қарай осылардан сұрыптап Аграрлық университеттерде тегін оқыту. Ұсынысымыз балаға агроқалашықтың цехтарындағы жұмыста, ауылда оқытып, үйретіп, көрсетіп кәсіби дайындауға жол ашу. Агробизнесің не екенін білдіріп, дәмін таттыру. Айталық, ол жылыжайда (теплица), сойысханада, шағын сүт зауытында, жүн-тері өңдейтін цехтарда істеп, бизнес жоспар жасап, қаржы институттарынан несие ала алатын халге шығару керек. Мұны игерген бала ақша ауылда дегенге сенеді, дипломмен ауылға дегенге көнеді.

Әлекең жер-мал мектебі деп жерді бірінші қойған. Ал сол малды асырау үшін алдымен жермен жұмыс жасауды біл, шөп егуді үйрен дегенді меңзеген болуы керек. Олай деуге негізді жоғарыда келтірдік. Тоқырауын бойында суармалы жерлер де болған, атақты ақ бидай осында өскен. Орысбай, Қазыбай, Шақабай ... тоғандарының аты осылай жалғаса береді. 1911-1912 жылдары Петербург жер шаруашылығы министрлігінің шеңберінде Г.Суходольский Тоқырауынға келіп, суармалы жердің жобасын жасап, 18 млн. рубль деп ақшасына дейін шығарған. Әрине, бұл о тұста көп ақша болатын, жоба жоба күйінде қалды, орыс патшасы бұған бармады.

Әлекең айтады арнайы жер-мал

басы ауыратын кім, ауырмайтыны кім. Облыстан қолдау, сұрау, негіздеу болмаса Үкімет өзі ескеріп Ақтоғай ауданын пилоттық (қанатқақты) жобаға кіргізеді деп ойламаймын. Тым болмағанда Агроқалашықта республикалық бюджеттен агробизнес мектебі салынып, 10 қыстаққа жарық барып, 5 құдық қазылса ауылдың ауған жүгі түзеліп, өңесі жылдам көтерілер еді. Жылжымауы медициналық кешен барса нұр үстіне нұр. Әрине, осының бәрінің алдына ауыл шаруашылығы тауар өндірушілер кооперативін құру тұрса жеңіл болар. Үлкен несие, шағын несие, субсидиялар, арзан тұқым, жанар-жағар май осы кооператив арқылы берілетін болса. Тоқырауын халқы ертеде алдымен мойынсерік, одан соң кооператив, кейінірек колхозға біріккен, совхозға өткен. Сөйтіп, аман қалған, ұрпақсыз өскен, тіршілігін, жалғастырып. Бірікпейді деген бекер, қожалықтарға кооперативті түсіндіріп, жатқан ешкім жоқ. Бұл бір. Екіншіден несие саясаты алдымен ауыл, аудан кімдері арқылы шешілу керек. Бағалашы да, кредит офицері де агроқалашықта болса, шаруа ұтады.

Мен ауыл шаруашылығында совхозы, ауданы, облысы бар көп жыл істеген адаммын. Алаш көсемі Ә.Бөкейхан елуімізге ортақ Ақтоғайдың топырағы ғана, мамандығым – экономист. Бірақ Алаш ардақтыларын білмей өскен ұрпақтар қатарына жатамын. Енді ана Тәуелсіздік арқасында КГБ мұрағаттарына кіріп, алыс-жақын шетелдерден ақпарат алдырып, зерттей бастағанымыз. Ғылыми конференция өткізіп, томдарын шығарып жатқанымыз. Бұл Әлихантанудың, Алаштанудың басы ғана. Қазақстан тәуелсіз ел болғалы 20 жыл, тарихқа қысқа мерзім болғанымен төрткүл дүние танытын, терезесі тең, экономикасы қуатты елге айналдық. Аңыз шаһар, астанаымызды Қараөткелге әкелдік. Сар-Арқа төсінде Есілдің бойында тағыш рет Астанамызды өзіміз танда, қазығын қақтық. Қазір АҚШ-та, Азияда, Малайзияда, Қытайда оқу біріп едім деген қазақ баласына тавалмайтын болдық. Бү-

аталады.

Бұлар жұмысына әжептәуір ақша сұрайды, ол ақша тағы Ақтоғайда жоқ. Дұрысы облыстық бюджеттен төлеу. Ендігі жерде Балқаштағы білім тарту орталығын Агроқалашыққа, Абай селолық округіне апарып, бюджеттік бағдарламалары шамамен былай аталса, атына заты сай болар еді. Әрине, алдымен классификтордан қарау қажет.

1. Ірі қара мал шаруашылығына жаңа технологиялар апару амалдары;
2. Далалық, жартылай шөлейт аймақта мал азығы дақылдарын өсірудің жаңа агротехнологиясы.

Алматы – Астана ғалымдары осы Орталықта тоқтап, ауылдың қазіргі тірлігін көрсе, халықтың тілеуін естіп, бізді үйретсе, бізден де бірдеңе үйренсе деген ниет те жоқ емес.

Бұл екеуі іске асса, ғылымда берері жоқ, қазіргі өндірістен бейхабар, Елбасының тілімен орысша айтқанда «околонаучные балласты» азыр еді.

Алаштың Әлихан Ақтоғай топырағында кіндік қаны тамған. Бар ғұмырын халқына арнаған. «Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген де осы Әлекең емес пе еді. Алаш аманаты орыдалды. Тек сол Әлекеңнің Арқадағы Ақтоғайы, туған аулы Үкімет қолдауын сұрап отыр. Әрине, алдымен облыстағы шенеуніктер мойындап, аудандағылар есеп-қисабын жасап, қаржысын шешуге әрекет жасаса дер едім. Мұның бәрін Әлекең әлдеқашан айтқан, Елбасы Нұрекен жасаңдар деп жатыр. Ауыл шаруашылығына, ғылымға бөлініп жатқан қаражат көл-көсір. Менікі ақтоғайлық маманның, зейнеткердің ұсынысы, пікірі. Дәні бары ақиқат. Тек шенеуніктерге Алаш естігін құлақ бергей.

А.ҚАЛЫМБЕРГЕНОВ,
экономист, зейнеткер.

БАЛҚАШ қаласы.